

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің
Ғ.Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектебі» КММ



БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

Қостанай қаласы, 2025 жыл

МАЗМҰНЫ

Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлері	
1-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ	3
1.1 Негізгі бөлім:	
1.2 Бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы	
2-БӨЛІМ. КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ	4-10
2.1 Оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға қойылатын критерийлер	
3-БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ	11-17
3.1 Оқушылар контингентінің сандық құрамы	
4-БӨЛІМ. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС	18-103
4.1 Оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға қойылатын критерийлер	
4.2 Бастауыш, негізгі орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын критерийлер	
4.3 Оқыту мерзіміне қойылатын критерийлер	
5-БӨЛІМ. ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗА	104-128
5.1 Оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға қойылатын критерийлер	
6-БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНА ҚОРЫ	129-138
6.1 Оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға қойылатын критерийлер	
7-БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ	139-148
7.1 Оқушылардың даярлық деңгейіне қойылатын критерийлер	
8-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА РЕСПОНДЕНТТЕР АРАСЫНДА САУАЛНАМА	149-167
9-БӨЛІМ. КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТПЕЛЕР, ОЛАРДЫҢ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ	168
10-БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР	169

1-бөлім. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1 кесте

№	Бөлімдер	Құжаттар (қосымша беріледі)
1	Білім беру ұйымының толық атауы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің Ғ.Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі БИН 961240000266
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері	110010, Қостанай қаласы, Қайырбеков к-сі, 334
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері	Қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7142) 56-46-22 Телефон: 8 (7142) 56-57-18 Электрондық пошта: sch9@kst-goo.kz Веб-сайт: https://mektep9.edu.kz/ Instagram: https://www.instagram.com/kst_9_mektebi?igsh=cHNpaW9nZTZpdXlu
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері	Мектеп директоры.: Молдахаликов Асемхан Нуртазинович Бұйрық №29 л/с 13.01.2021 ж. Жұмыс телефоны: 8 (7142) 56-46-22 Ұялы телефон: 8 7478191375 Электрондық пошта: assemkhan1961@mail.ru
5	Құқықтық және құрылтайшылық құжаттар	2025 жылғы 15 шілдедегі заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама Бірегей нөмір 101000147098950 Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің Ғ.Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы 2021 жылғы 13 қаңтардағы әкімдік қаулысымен бекітілген
6	Рұқсат беру құжаттары	2025 жылғы 22 сәуірдегі № KZ35LAM00001992 лицензия Лицензияны берген ұйым: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қостанай облысы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету

2-бөлім. КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

– Негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәлімет

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің Ғ.Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қостанай қаласы білім бөлімі бекіткен штат кестесіне сәйкес, 2025жылғы 1 қыркүйегінде мектебімізде төмендегі көрсеткіш бойынша педагогикалық қызметкерлермен жасақталған: жалпы 76 педагог қызметкерлері, оның ішінде мектеп басшысы - 1, басшының орынбасарлары - 5, педагог-психолог – 2, әлеуметтік педагог – 1, аға вожатый – 1.https://drive.google.com/drive/folders/1Q7M9GFDQyv7mA_AHeSsFmvotS7wd9rGH?usp=drive_link

I. Әкімшілік-басқару аппаратының құрамы туралы мәліметтер:

Директор:

Молдахаликов Асемхан Нуртазинович , 1961 ж.т., білімі – жоғары, жалпы еңбек өтілі – 39 жыл, осы мектепте – 16 , мектеп директоры лауазымы бойынша ұйымдастырушы-басшы, осы лауазымда – 16 жыл, біліктілік санаты – педагог-зерттеуші. 2017 жыл -«Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері», 2020 жыл -Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасы.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары:

- **Байкадамова Асель Серикказыевна**, 1986 ж.т., білімі – жоғары, магистр, жалпы еңбек өтілі – 16 жыл, осы ұйымдағы өтілі – 14 жыл, осы лауазымда – 13 жыл, әкімшілік біліктілік санаты – бірінші санатты директор орынбасары, пән мұғалімі ретінде – педагог-зерттеуші.
- **Баймолдина Айжан Балтабаевна**, 1981 ж.т., білімі – жоғары, жалпы еңбек өтілі – 24 жыл, осы ұйымдағы өтілі – 24 жыл, осы лауазымда – 19 жыл, әкімшілік біліктілік санаты – бірінші санатты директор орынбасары, пән мұғалімі ретінде – педагог-зерттеуші.

Директор ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары:

- **Скендирова Гүлбейне Айтбаевна** , 1991 ж.т., білімі – жоғары, жалпы еңбек өтілі – 14 жыл, осы ұйымдағы өтілі – 14 жыл, осы лауазымда – 0 жыл , біліктілік санаты – педагог-зерттеуші .

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы:

- **Кошенова Карлығаш Жалғасбаевна** , 1989 ж.т., білімі – жоғары, жалпы еңбек өтілі – 16 жыл, осы ұйымдағы өтілі – 7 жыл, осы лауазымда – 0 жыл , пән мұғалімі ретінде – педагог-модератор.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары :

- **Тауакелова Шынар Мерекеевна** , 1993 ж.т., білімі – жоғары, жалпы еңбек өтілі – 10 жыл, осы ұйымдағы өтілі – 10 жыл, осы лауазымда – 6 ай, әкімшілік біліктілік санаты – үшінші санатты директор орынбасары, пән мұғалімі ретінде – педагог-эксперт .

Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары:

- **Кункенова Жанар Амангельдиновна** , 1972 ж.т., білімі – жоғары, жалпы еңбек өтілі – 36 жыл, осы ұйымдағы өтілі –22 жыл, осы лауазымда – 4 жыл, әкімшілік біліктілік санаты – санатсыз , директор орынбасары, пән мұғалімі ретінде – педагог-зерттеуші.

Директордың әкімшілік-шаруашылық бөлім бойынша орынбасары:

Молдаш Нұржан Қосылбекұлы 1985 ж.т., білімі – кәсіптік-техникалық, жалпы еңбек өтілі – 18 жыл, осы лауазымда – 8 ай.

Мектеп басшыларының аттестациядан өтуі туралы мәлімет:

2 кесте

Оқу жылы	Бірінші санаттағы басшы (басшы-лидер)	Екінші санаттағы басшы (басшы-менеджер)	Үшінші санаттағы басшы (басшы-ұйымдастырушы)
2023–2024	0	0	0
2024–2025	0	0	0

Мектеп директорларының орынбасарларының аттестациядан өтуі туралы мәлімет

3 кесте

Оқу жылы	Бірінші санаттағы директордың орынбасары	Екінші санаттағы директордың орынбасары	Үшінші санаттағы директордың орынбасары
2023–2024	0	0	0
2024–2025	0	0	1
2025–2026	0	1	0

Соңғы үш жылда мектеп директоры мен оның орынбасарлары біліктілік санатын арттырудан өтпеді, себебі олардың өту мерзімі әлі келмеген. Тек 2024-2025 оқу жылында тағайындалған Тауакелова Ш.М. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қарашадағы №83 бұйрығының 36-тармағына сәйкес, «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазым атқаратын педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» 2025 жылғы 25 ақпандағы №32 өзгерістерімен, және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім комитетінің 2025 жылғы 06 наурыздағы №20-3-20-7/1724-И хатына сәйкес педагог-сарапшы біліктілік санаты 3 санатты басшы орынбасары біліктілік санаты теңестіріліп берілді. 2025-2026 оқу жылында тағайындалған Скендинова Г.А. педагог-зерттеуші біліктілік санаты екінші санатты басшы орынбасары біліктілік санатына теңестірілді.

Әкімшілік-басқару аппаратының біліктілік арттыру курстары туралы мәлімет:

4 кесте

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Лауазымы	Тақырыптың атауы	Курс өту орны мен мерзімі	Курс өткізген мекеме	Сағат саны
1	Молдахаликов Асемхан Нуртазинвич	Білім беру ұйымының директоры	Білім берудегі менеджмент заманауи білім беру ұйымын	Қостанай қаласы, 2025 жыл	«Дамыту» қоғамдық қоры	80 сағат

			тиімді басқарудың негізі ретінде			
2	Байкадамова Асель Серикказыевна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	«Білім берудегі менеджмент» білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру	Қостанай қаласы, 2024 жыл	НЗМ ДББҰ Қазақстан Республикасы педагогтерінің біліктілігін арттырудың	80 сағат
3	Баймолдина Айжан Балтабаевна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	"Тұрақты даму жағдайындағы білім беру сапасын басқару"	Қостанай қаласы, 2023 жыл	НЗМ ДББҰ	80 сағат
4	Кункенова Жанар Амангельдиновна	Ақпараттандыру жөніндегі білім беру ұйымы директорының орынбасары	«Білім берудегі менеджмент» білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру	Қостанай қаласы, 2024 жыл	«Өрлеу» БАҰИ АҚ	80 сағат

2025 жылғы 1 ақпанда Тауакелова Ш.М, 2025 жылғы 2 қыркүйекте директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы болып Кошенова Қ.Ж., ал директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары болып Скендирова Г.А. бекітілді. Аталған қызметкерлер енді ғана лауазымға тағайындалғандықтан курстан өтпеді, бұл мәселе перспективалық жоспарға енгізілді.

II. Мектептің педагогикалық ұжымының кадрлық құрамы.

Мектеп әкімшілігі жұмысының негізгі бағыттарының бірі – педагогикалық кадр құрамын нығайту бойынша қызмет. ҚР «Білім туралы» Заңына және мектеп Жарғысына сәйкес қалыптастырады, қызметкерлерді қабылдауды еңбек шарты негізінде жүзеге асырады. Еңбек кодексіне сәйкес жұмысқа қабылданған барлық мұғалімдермен еңбек шарттары жасалады.

Педагогикалық кадрларды талдау

5 кесте

№	Оқужылы	барлығы	Жоғары білімді	%	магистр дәрежесі бар	%
1	2023-2024	71	71	100	5	7,4
2	2024-2025	76	76	100	6	7,89
3	2025-2026	72	72	100	5	6,94

Соңғы үш жыл ішінде мұғалімдер саны тұрақты емес: 2023-2024 оқу жылы – **71**, 2024-2025 оқу жылы – **76**, 2025-2026 оқу жылында педагогтердің саны – 72 адам. Биылғы оқу жылында педагогтердің жалпы санының төмендеуі мұғалімдердің бала күтімі бойынша демалысқа шығуы және басқа жұмыс орнына кетуімен байланысты.

https://drive.google.com/file/d/1vwD_2NOKUTSIEq-GYelFzHzk37fU5yG2/view?usp=drive_link

Педагогикалық кадр құрамы сандық және сапалық жағынан тиімді жасақталған. Мұғалімдердің **93,05%-да** тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі, қалған **6,94%** техникалық және кәсіптік (педагогикалық) білімі бар және дипломдарында көрсетілген мамандықтарына сәйкес қызмет жасайды. Олар қосымша білім беру педагогы Едигин Д.О., бастауыш сынып мұғалімі Нуршабаева Н.Б., тәлімгер Карсакбаева К.Ә.

https://drive.google.com/drive/folders/1xGA6cgMyTbGpa_B_P2dTLek650eUjAee?usp=drive_link

Магистр дәрежесі бар педагогтер саны соңғы үш жылда тұрақты. Ағымдағы оқу жылында **6 педагогте магистр** дәрежесі бар. Оның ішінде – (Байкадамова А.С. – филология ғылымдарының магистрі, Мусагулова Д.Б. – педагогика ғылымдарының магистрі, Аджибаева Г.М.–филология гуманитарлық ғылымдарының магистрі, Сулейменова Н.А. – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Бейшова М.А. – техникалық ғылымның магистрі, Киябаева С.С.-педагогика ғылымдарының магистрі.

Педагог қызметкерлердің жас құрамы:

6 кесте

№	Оқу жылы	барлығы	30 жасқа дейін	30 - 50 жас аралығы	50 және одан да жоғары	Педагогикалық ұжымның орташа жасы
1	2023-2024	71	10	36	21	40,1
2	2024-2025	76	15	38	23	41,6
3	2025-2026	72	13	39	18	39,9

2023–2024 ж. орташа жас **40,1 жас** болды.

2024–2025 ж. педагогтардың орташа жасы **41,6 жасқа** көтерілді.

2025–2026 ж. ұжым жасы 39,9. Ұжымдағы жастардың 30 жасқа дейінгі, тәжірибелі мұғалімдер (50+) үлесі азайып, жалпы орташа жас біршама жоғарылаған. Жас мамандар мен тәжірибелі педагогтар үйлесімді араласқанын көрсетеді. Ұжымның орташа жасының 40–42 жас аралығында болуы білім сапасына оң әсер етеді: жас буынның жаңашылдығы мен аға буынның тәжірибесі қатар жүреді.

Педагогикалық еңбек өтілі:

7 кесте

№	Оқужыл	барлығы	0-5 жыл еңбек өтілі	5-15 жыл еңбек өтілі	15-25 жыл еңбек өтілі	25 жылдан астам еңбек өтілі	Педагогикалық ұжымның орташа еңбек өтілі
1	2023-2024	71	11	26	12	22	16,7
2	2024-2025	76	13	27	13	23	16,5
3	2025-2026	72	14	23	11	24	16,7

2023–2024 оқу жылында мектептің педагогикалық ұжымында барлығы **71 мұғалім** жұмыс істеді. Оның ішінде:

- 0–5 жыл еңбек өтілі бар – **11 педагог (15%),**
- 5–15 жыл аралығында – **26 педагог (37%),**
- 15–25 жыл аралығында – **12 педагог (17%),**
- 25 жылдан астам еңбек өтілі бар – **22 педагог (31%).**

Орташа еңбек өтілі – **шамамен 16,8 жыл** болды. Бұл көрсеткіш ұжымның басым көпшілігі тәжірибелі мамандарға екенін көрсетеді.

2024–2025 оқу жылында педагогтар саны **76-ға жетіп**, құрылым мынадай болды:

- 0–5 жыл – **13 педагог** (17%),
- 5–15 жыл – **27 педагог** (36%),
- 15–25 жыл – **13 педагог** (17%),
- 25 жылдан астам – **23 педагог** (30%).

2025–2026 оқу жылы орташа еңбек өтілі – **16,6 жыл**. Жас мамандардың үлесі артып отырғанымен, тәжірибелі ұстаздардың саны да жеткілікті.

- 0–5 жыл – 14 педагог (19,44%),
 - 5–15 жыл – 23 педагог (31,94%),
 - 15–25 жыл – 11 педагог (15,27%),
 - 25 жылдан астам – 24 педагог (33,33%).
- Мектеп педагогикалық ұжымының **орташа еңбек өтілі 16–17 жыл аралығында**. Бұл – ұжымда **тәжірибелі де, жас та мамандардың үйлесімді араласқанын** көрсетеді.
 - Жас педагогтардың үлесі жыл сайын өсіп келеді, бұл – білім беру үдерісіне жаңа идеялар мен жаңашылдық енгізуге мүмкіндік береді.
 - Ұжымның едәуір бөлігін 25 жылдан астам еңбек өтілі бар ұстаздар құрайды. Бұл көрсеткіш мектептің **тәжірибелік әлеуетінің жоғары** екенін дәлелдейді.
 - Жалпы алғанда, мектеп ұжымы кәсіби тұрақты, педагогикалық дәстүрлері қалыптасқан, сонымен бірге жас буынмен толығып отырған **сапалы кадрлық құрамға** ие.

Мектепте кадрларды орналастыру педагогтердің біліктілік деңгейі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып жүргізіледі. Педагогтер мен мектеп әкімшілігінің жұмысының негізгі өлшемдері – педагогикалық этиканы сақтау, «Білім туралы» заң мен ҚР Еңбек кодексінің талаптарын орындау. Мектеп әкімшілігі педагогтердің жұмыс уақытын тиімді пайдалануға, шығармашылықпен жұмыс істеуге және өздігінен білім алуға қолайлы жағдай жасауға ерекше көңіл бөледі.

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру.

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіледі. Осы мақсатта жыл сайын кадрлық өзгерістерді (жұмысқа қабылдау мен жұмыстан босатуды) ескере отырып, жаңартылып отыратын біліктілікті арттырудың перспективалық жоспары жасалады.

Аталған жұмыстың негізгі мақсаты – мұғалімдердің кәсіби білімдерін жетілдіру және толықтыру. Бұл — құзыреттілікті дамыту, зияткерлік және мәдени деңгейін көтеру, білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік актілерді зерделеу, мемлекеттік тілді меңгеруді жетілдіру, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

Соңғы үш жылдағы курстан өткен мұғалімдердің үлесі – 98 %. Бұл деректер ҰББДҚ электрондық жүйесінде тіркелген.

https://drive.google.com/drive/folders/1eubQchFTYofF5Crg_NqGS5rqDC2pzku6m?usp=drive_link

Бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:

8 кесте

Оқужылы	Барлығы	Аттестация өтті/өтеді	Аттестация (біліктілік санаттарын беру/растау)				%
			педагог-шебер	педагог-зерттеуші	педагог-сарапшы	педагог-модератор	
2023-2024	71	21		11	4	6	29,5%
2024-2025	76	21		11	2	8	27,6 %
2025-2026	72	12		3	3	6	15,7 %

Педагогтер біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен арттырады және растайды. Педагогтердің аттестатталуы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының негізінде өткізілді.

Мектепте аттестатталатын педагог қызметкерлерге әдістемелік қолдау көрсетілді. Портфолио рәсімдеу, бұйрықтар шығару және куәліктер беру бойынша жұмыстар уақытылы жүргізілуде. Аттестаттау бойынша сұрақтар мектепшілік бақылау жоспарына енгізілген, директор жанындағы кеңестерде, әдістемелік және педагогикалық кеңестер де қарастырылады. Арнайы бес жылдық болжам кестесі бойынша аттестациядан өтетін педагогтердің тізімдері алдын-ала анықталып, кеңестерде, басқа да тиісті отырыстарда қарастырылады.

Педагогтердің біліктілік санаттары бойынша:

9 кесте

Оқу жылдары	Мұғалімдер саны	Жоғарғы санат	Бірінші санат	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	барлығы	Жоғары, бірінші және педагог-зерттеуші, сарапшы санаты бар мұғалімдер %
2023-2024	71	1			26	16	43	60,5 %
2024-2025	76				28	15	43	56,5 %
2025-2026	72				26	21	47	65,27%

2023-2024 оқу жылында педагогикалық кадрлардың сапасы жалпы педагогтер санының 71 адамды құрады: жоғары санатты – 1 адам (1,40%); бірінші санатты – 0; педагог-шеберлер – 0; педагог-зерттеушілер – 26 адам (36,6%); педагог-сарапшылар – 16 адам (22,5%); екінші санатты – 1 адам (1,40%); педагог-модераторлар – 13 адам (18,3%); педагог – 14 адам (19,7 %), 3 педагог декреттік демалыста: Бекенова А.Р педагог-модератор., Зейноллаева Г.Т. педагог -модератор., Кайырбекова Г.М. педагог-модератор; Жоғары, бірінші санат және педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы санаттарына ие – 43 адам (60,5%).

2024-2025 оқу жылында педагогикалық кадрлардың сапасы жалпы педагогтер санының 76 адамды құрады: жоғары санатты – 0; бірінші санатты – 0; педагог-шеберлер – 0; педагог-зерттеушілер – 28 адам (36,8%); педагог-сарапшылар – 15 адам (19,7%); екінші санатты – 0; педагог-модераторлар – 22 адам (28,9%); педагог – 12 адам (15,7%).

Декреттік демалыста :Бекенова А.Р педагог-модератор.,Зейноллаева Г.Т. педагог -модератор., Кайырбекова Г.М. педагог-модератор; Рахимова Ш.О. педагог-сарапшы. Жыл ішінде кеткендер: Токаева Ж.Т. педагог-зерттеуші (басқа мектепке кету себебі),. Исмагулова К.А. педагог -зерттеуші (қайтыс болу себебі) Жоғары, бірінші санат және педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы санаттарына ие – 43 адам (60,5%).

2025-2026 оқу жылында педагогикалық кадрлардың сапасы жалпы педагогтер санының 72 адамды құрады: жоғары санатты – 0; бірінші санатты – 0; педагог-шеберлер – 0; педагог-зерттеушілер – 26 адам (36,11%); педагог-сарапшылар – 21 адам (29,16 %); екінші санатты – 0; педагог-модераторлар – адам 14 (19,44%); педагог – 11 адам (15,27%).

Декреттік демалыста : Кайырбекова Г.М. педагог-модератор; Оразмаганбетова А.Ж. педагог-модератор, Атшыбаева А. Ш. педагог-модератор,Ахметова М.Н. педагог-сарапшы.

(Қосымшада штаттық кестелердің көшірмелері, тарификациялар, диплом көшірмелері, курс сертификаттары қосымша 2 – негізгі педагогтер берілген).

Мектептің кадрлық әлеуетіне SWOT–талдау

10 кесте

(S) Күшті жақтары	(W) Әлсіз жақтары
☐ Жоғары білікті педагогикалық құрам. ☐ Жас мамандардың келу мүмкіндігі (орташа жас мөлшері – 40 жас). ☐ Тұрақты кадрлық құрам (зейнеткерлік жасқа жеткен педагогтердің аз болуы). ☐ 98% педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өтуі.	☐ Жас мамандардың кәсіби деңгейінің жеткіліксіздігі (тәжірибенің аз болуы). ☐ Пәндік дайындық деңгейінің төмендігі. ☐ Жас мамандардың үлесі артып келеді, бұл қосымша әдістемелік қолдауды қажет етеді. ☐ Кейбір педагогтердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен аз айналысуы.
(O) Мүмкіндіктер	(T) Қауіптер
☐ Ішкі мектептік әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттыру. ☐ Мұғалімдердің кәсіби өсуін қолдау. ☐ Шағын аудан көлемінде педагогикалық қауымдастықтармен тәжірибе алмасу. ☐ Қалалық және облыстық деңгейдегі семинарларға қатысу мүмкіндігі.	☐ Жас мамандардың алғашқы 1–2 жылда жұмыстан кету қаупі. ☐ Әр жылы кадрлардың тұрақсыздығы байқалады, соның салдарынан кейбір педагогтердің жүктемесі ұлғаяды. • Кәсіби қажудың (эмоциялық шаршаудың) арту қаупі. ☐ Артық жүктеме салдарынан еңбек қабілетінің төмендеу қаупі.

3-бөлім. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

Оқушылар контингентінің сандық құрамы:

<https://drive.google.com/drive/folders/1uWRQCWHLAYai2XT41ypu7eUlxDZmcmC>

Үш жыл ішінде оқушылар контингентінің келесі динамикасын байқауға болады:
Білім беру деңгейлері бойынша оқушылар контингентінің динамикасы:

11 кесте

Білім беру деңгейлері	Оқу жылының басындағы оқушылар саны		
	2023-2024оқу жылы	2024-2025оқу жылы	2025-2026оқу жылы
1 – 4 сыныптар	323	371	403
5 – 9 сыныптар	466	427	419
10 – 11 сыныптар	109	122	123
1-11 сыныптар	898	925	945




Диаграмма 1. Білім беру деңгейлері бойынша оқушылар контингентінің динамикасы.

2023–2024 оқу жылының басында мектепте барлығы 898 оқушы білім алуда, оның ішінде 427-і – қыздар. Олардың білім беру деңгейлері бойынша бөлінісі келесідей:

- **Бастауыш білім беру деңгейі** – 323 оқушы (оның ішінде 143 қыз), бұл жалпы оқушылар санының **35,96%-ын** (қыздардың үлесі – **33,48%**) құрайды;
- **Негізгі орта білім беру деңгейі** – 466 оқушы (оның ішінде 227 қыз), бұл жалпы оқушылар санының **51,78%-ын** (қыздардың үлесі – **50,33%**) құрайды;
- **Жалпы орта білім беру деңгейі** – 109 оқушы (оның ішінде 56 қыз), бұл жалпы оқушылар санының **12,13 %-ын** (қыздардың үлесі – **12,41%**) құрайды.

2024–2025 оқу жылының басында мектепте барлығы **933 оқушы** білім алуда, оның ішінде **447-сі – қыздар**. Олардың білім беру деңгейлері бойынша бөлінісі келесідей:

- **Бастауыш білім беру деңгейі** – 373 оқушы (оның ішінде 170 қыз), бұл жалпы оқушылар санының **39,97 %-ын** (қыздардың үлесі – **38,03 %**) құрайды;
- **Негізгі орта білім беру деңгейі** – 436 оқушы (оның ішінде 208 қыз), бұл жалпы оқушылар санының **46,73 %-ын** (қыздардың үлесі – **46,53 %**) құрайды;

- **Жалпы орта білім беру деңгейі** – 124 оқушы (оның ішінде 69 қыз), бұл жалпы оқушылар санының **13,29 %-ын** (қыздардың үлесі – **15,43 %**) құрайды.

2025–2026 оқу жылының басында мектепте барлығы **945 оқушы** білім алуда, оның ішінде **457-сі – қыздар**. Олардың білім беру деңгейлері бойынша бөлінісі келесідей:

- **Бастауыш білім беру деңгейі** – 403 оқушы (оның ішінде 201 қыз), бұл жалпы оқушылар санының **42,85%-ын** (қыздардың үлесі – **43,29 %**) құрайды;
- **Негізгі орта білім беру деңгейі** – 419 оқушы (оның ішінде 186 қыз), бұл жалпы оқушылар санының **44,33 %-ын** (қыздардың үлесі – **40.70 %**) құрайды;
- **Жалпы орта білім беру деңгейі** – 123 оқушы (оның ішінде 70 қыз), бұл жалпы оқушылар санының **13,29 %-ын** (қыздардың үлесі – **15,36 %**) құрайды.

Талдау нәтижесі: ұсынылған мәліметтерді зерделеу барысында оқушылар контингенті тұрақты бақылауда екені және НОБД жүйесіне дер кезінде жаңартылып отыратыны анықталды.

Қорытынды: НОБД жүйесінің «Контингент» бөлімінде көрсетілген оқушылар туралы мәліметтер нақты деректерге сай келеді.

Сыныптардың толықтырылуы туралы мәліметтер: Мектептегі сыныптардағы оқушылар саны санитарлық талаптар мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес келеді. Сыныптардың орташа толымдылығы білім беру процесінің сапасына кері әсер етпейтін деңгейде. Мәліметтер НОБД жүйесінде уақтылы жаңартылып, нақты көрсеткіштермен сәйкес жүргізілуде.

Үш жыл ішінде білім беру деңгейлері бойынша сыныптардың орташа жинақталу динамикасын байқауға болады:

Кесте. Білім беру деңгейлері бойынша сыныптардың орташа жинақталу динамикасы

12 кесте

Білім беру деңгейлері	2023-2024 оқу жылы			2024-2025 оқу жылы			2025-2026 оқу жылы		
	Саны		Сыныптардың орташа жинақталымы	Саны		Сыныптардың орташа жинақталымы	Саны		Сыныптардың орташа жинақталымы
	оқушылар	сыныптар		оқушылар	сыныптар		оқушылар	сыныптар	
1-4 сыныптар	324	14	23.14	376	15	25,06	403	16	25,18
5-9 сыныптар	465	20	23.25	427	18	23,72	419	17	24,64
10-11 сыныптар	109	4	27.25	122	5	24,4	123	6	20,5
Мектеп бойынша	898	38	23.63	925	38	24,34	945	39	24,23




Диаграмма 2. Білім беру деңгейлері бойынша оқушы санының динамикасы




Диаграмма 3. Білім беру деңгейлері бойынша сыныптар санының динамикасы




Диаграмма 4. Білім беру деңгейлері бойынша сыныптардың орташа жинақталым динамикасы

Кесте мен диаграмма деректерін талдай отырып, келесі қорытындыларды жасауға болады:

2023–2024 оқу жылында бастауыш буында 324 оқушы 14 сыныпта білім алды, сыныптардың орташа жинақталымы 23,1 оқушыны құрады. 2024–2025 оқу жылында олардың саны 376-ға жетіп, 15 сыныпта оқыды, орташа жинақталым 25,0 болды. 2025–2026 оқу жылында 404 оқушы 16 сыныпта білім алып, сыныптардың орташа жинақталымы 25,3 оқушыны көрсетті. Бұл көрсеткіш бастауыш сыныптарда жыл сайынғы өсімді айқындайды.

Негізгі буында 2023–2024 оқу жылында 465 оқушы 20 сыныпта оқып, орташа жинақталым 23,3 болды. 2024–2025 оқу жылында 427 оқушы 18 сыныпта білім алды, жинақталым 23,7-ге артты. 2025–2026 оқу жылында 429 оқушы 17 сыныпта оқып, орташа жинақталым 25,2-ні құрады. Бұл кезеңде оқушы саны шамамен тұрақты болғанымен, сынып саны азайғандықтан жинақталым өскен.

Жоғары буында 2023–2024 оқу жылында 109 оқушы 4 сыныпта оқыды, орташа жинақталым 27,3 болды. 2024–2025 оқу жылында 122 оқушы 5 сыныпқа бөлініп, орташа жинақталым 24,4-ке төмендеді. 2025–2026 оқу жылында 127 оқушы 6 сыныпта білім алып, орташа жинақталым 21,2-ні құрады. Яғни, жоғары буында оқушы саны артқанымен, сынып саны көбейгендіктен жинақталым біртіндеп төмендеген. Бұл оқушылардың бейіндік таңдауынан байланысты туындап отыр.

Мектеп бойынша жалпы алғанда 2023–2024 оқу жылында 898 оқушы 38 сыныпта оқыды, орташа жинақталым 23,6 оқушы болды. 2024–2025 оқу жылында 925 оқушы 38 сыныпта білім алып, орташа жинақталым 24,3-ті құрады. 2025–2026 оқу жылында оқушы саны 960-қа жетіп, 39 сынып ашылды, орташа жинақталым 26,6 оқушы болды. Бұл мектеп контингентінің тұрақты өсіп келе жатқанын және сыныптардың жинақталымының жылдан жылға ұлғайып отырғанын көрсетеді.

2023-2024 оқу жылының басында мектепте барлығы 898 оқушы білім алды, оның ішінде 427-і қыз балалар.

Оқу жылы барысында 42 оқушы келіп, 43 оқушының кетуі тіркелді. Білім беру деңгейлері бойынша:

- Бастауыш білімде – шыққандар: 26 оқушы, келгендер: 23 оқушы;
- Негізгі орта білімде – шыққандар: 14 оқушы, келгендер: 16 оқушы;
- Жалпы орта білімде – шыққандар: 1 оқушы, келгендер: 3 оқушы.

Осылайша, 2023-2024 оқу жылының соңында мектепте 897 оқушы білім алды, оның ішінде 424-і қыз балалар.

2024-2025 оқу жылының басында оқушылар саны 898 болды, оның ішінде 427 қыз балалар.

Оқу жылы барысында 59 оқушы келіп, 50 оқушы кетті деп тіркелді. Білім беру деңгейлері бойынша:

- Бастауыш білімде – шыққандар: 27 оқушы, келгендер: 17 оқушы;
- Негізгі орта білімде – шыққандар: 20 оқушы, келгендер: 38 оқушы;
- Жалпы орта білімде – шыққандар 3 оқушы, келгендер: 4 оқушы.

2023-2024 оқу жылының соңында оқушылар саны 934 болды, оның ішінде 447-сі қыз балалар.

2025-2026 оқу жылының басында мектепте 945 оқушы болды, оның ішінде 457-і қыз балалар.

2025-2026 оқу жылының I тоқсанында 2 оқушы шықты, 5 оқушы келіп тіркелді. Білім беру деңгейлері бойынша:

- Бастауыш білімде – шыққандар: 1 оқушы, келгендер: 2 оқушы;
- Негізгі орта білімде – шыққандар: 0 оқушы, келгендер 2 ;
- Жалпы орта білімде – шыққандар 0 , келгендер 1.

Соңғы үш жылдағы білім беру деңгейлері бойынша оқушылар контингентінің қозғалысы келесідей:

2023–2024 оқу жылында бастауыш білім беру деңгейінде оқушылардың келуі мен шығуы орын алды, негізгі орта білім беру деңгейінде де оқушылардың ауысуы тіркелді, ал жалпы орта білім беру деңгейінде аздаған өзгерістер байқалды.

2024–2025 оқу жылында бастауыш білім беру деңгейінде оқушылардың қозғалысы сақталды, негізгі орта буында оқушылардың келуі басым болды, жалпы орта білім беру деңгейінде қозғалыс тұрақты сипат алды.

2025–2026 оқу жылының басында және бірінші тоқсанынның басында бастауыш және негізгі орта буындарда оқушылардың ауысуы тіркеліп, жалпы орта білім беру деңгейінде тұрақтылық қамтамасыз етілді.

13 кесте

Білім беру деңгейлері	2023–2024 оқу жылы	2023–2024 оқу жылы	2024–2025 оқу жылы	2024–2025 оқу жылы	2025–2026 оқу жылы басында	2025–2026 оқу жылы (I тоқсан)
	Келгендер	Шыққандар	Келгендер	Шыққандар	Келгендер	Шыққандар
1–4 сыныптар	23	26	17	27	2	1
5–9 сыныптар	16	14	38	20	2	0
10–11 сыныптар	3	1	4	3	0	1
1–11 сыныптар	42	43	59	50	4	2




Диаграмма 5. Білім беру деңгейлері бойынша оқушылар контингентінің қозғалыс динамикасы

2023–2024, 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарының (I тоқсан) мәліметтерін талдай отырып, мектептен шыққан оқушылар саны келген оқушылар санының ауқымды айырмашылығы байқалмайды.

Нәтижелерді талдау

Жоғарыда берілген деректерді талдау көрсеткендей, оқушылар контингентінің қозғалысы тұрақты бақылауда, деректер ҰББДҚ жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

Қорытынды

Оқушылардың қозғалысы туралы мәліметтер ҰББДҚ жүйесіндегі «Контингент» бөлімдерінде, сондай-ақ «Күнделік» пен «Bilim-klass» жүйелерінде нақты деректерге сәйкес.

«Оқушылардың ауысымдылығының динамикасы

2023–2024 оқу жылының ауысымдылығы

Бірінші ауысымда – 565 оқушы (24 сынып-комплект), оның ішінде:

- бастауыш білім – 162 оқушы (7 сынып-комплект),
- негізгі орта білім – 294 оқушы (15 сынып-комплект),
- жалпы орта білім – 109 оқушы (2 сынып-комплект).

Екінші ауысымда – 333 оқушы (14 сынып-комплект), оның ішінде:

- бастауыш білім – 161 оқушы (6 сынып-комплект),
- негізгі орта білім – 172 оқушы (8 сынып-комплект).

2025–2025 оқу жылының ауысымдылығы

Бірінші ауысымда – 556 оқушы (23 сынып-комплект), оның ішінде:

- бастауыш білім – 200 оқушы (8 сынып-комплект),
- негізгі орта білім – 234 оқушы (10 сынып-комплект),
- жалпы орта білім – 122 оқушы (5 сынып-комплект).

Екінші ауысымда – 369 оқушы (15 сынып-комплект), оның ішінде:

- бастауыш білім – 176 оқушы (8 сынып-комплект),
- негізгі орта білім – 193 оқушы (7 сынып-комплект).

2025–2026 оқу жылының ауысымдылығы

Бірінші ауысымда – 661 оқушы (28 сынып-комплект), оның ішінде:

- бастауыш білім – 285 оқушы (11 сынып-комплект),
- негізгі орта білім – 253 оқушы (11 сынып-комплект),
- жалпы орта білім – 123 оқушы (6 сынып-комплект).

Екінші ауысымда – 284 оқушы (11 сынып-комплект), оның ішінде:

- бастауыш білім – 118 оқушы (5 сынып-комплект),
- негізгі орта білім – 166 оқушы (6 сынып-комплект).

4-бөлім. ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

- Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының болуы және оларға сәйкестігі.

<https://drive.google.com/drive/folders/1TqMQo7Wk56lOP-zUi6rMKYkFQQobxBJq>

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің Г.Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқу-тәрбие үдерісі ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген тиісті типтегі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР БҒМ 2021 жылғы 29 желтоқсандағы №614 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) сәйкес ұйымдастырылады. Оқу жұмыс жоспары жыл сайын жасалып, тамыз айындағы мектеп педагогикалық кеңесінде бекітіледі және Қостанай облысы білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімі» ММ-де сараптамадан өтеді.

2023–2024 оқу жылы:

2023–2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары (бастауыш білім беру) келесі құжаттардың негізінде жасалды:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда 29031 болып тіркелді. (23.09.2022 406), Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 10 желтоқсанда 8170 тіркелді. (Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 22 тамызда № 33316 болып тіркелді), Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі 115 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 сәуірде 8424 тіркелді.(16.09.2022ж. 399), Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына негізделіп жасалған.

29.08.2023 жылғы №1 Педагогикалық кеңестің шешімі негізінде 1-4-сыныптарға Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 18.08.2023 ж. № 264 толықтырулар мен өзгерістер енгізілген 1-қосымшасы алынды.

Бастауыш сынып оқушылары оқылым, жазылым, санау, оқу іс-әрекетінің негізгі біліктері мен дағдыларын, функционалдық сауаттылық, теориялық ойлау элементтерін меңгеруін, сонымен қатар оқу әрекеттерін өзін-өзі бақылаудың қарапайым дағдыларымен, тәрбие және сөйлеу мәдениетімен, салауатты өмір салты мен жеке бас гигиенасы негіздерімен қамтамасыз етеді.

1. Инвариантты компонент (базалық).

2. Вариативтік компонент.

Базалық компоненттегі сағат саны білім беру стандартындағы оқу жүктемесінің көлеміне сәйкес.

Инварианттық компоненттегі сағат жүктемесі: 1-сыныпта 18,5 сағаттан апталық 74 сағат, 2-сыныпта 22 сағаттан, апталық 66 сағат, вариативтік компонент- 2 сағат, апталық 6 сағат, 3 – сыныпта 25 сағат, вариативтік компонент- 1 сағат, 4 – сыныпта 25 сағат. 1-4 сыныптарда вариативтік компонентте белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар 1,3,4 сыныпта 1 сағаттан, 2 сыныпта 2 сағат берілген.

1-4 сыныптардағы вариативтік компонентте оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, зияткерлік-зерттеушілік қабілеттерін шыңдау, кәсіби еңбекке баулу, көркем жазуға төселдіру, жазу нормативтерін сақтау, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту, ауыз әдебиеті үлгілерін меңгеру мақсаты ескерілді.

1-4 сыныптардағы вариативтік компонентте оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, зияткерлік-зерттеушілік қабілеттерін шыңдау, кәсіби еңбекке баулу, көркем жазуға төселдіру, жазу нормативтерін сақтау, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту, ауыз әдебиеті үлгілерін меңгеру мақсаты ескерілді.

1а, 1ә, 1б, 1в сыныптарында 1 сағат **Тіл дамыту**

1а,1ә,1б,1в сыныптары «Тіл дамыту»

Үйірме 1 сынып оқушыларына арналған . Үйірме аптасына 1 сағат, жылына 33 сағатқа берілген. Бұл үйірме оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, артикуляциялық жаттығулар ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін және көркем жазуын дамытады. Оқу материалына халық ауыз әдебиеті үлгілерін (аңыз-әңгімелер, өлең-жыр, шешендік сөздер, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, ертегі т.б.) сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді. Бағдарлама арқылы оқушыны білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады.

2а – сыныбы, Ғафу ізімен, Жас лингвист

2ә – сыныбы, Жолда жүру ережесі, Ғафу ізімен

2б – Ғафу ізімен, Логика негіздері

2а,2ә,2б сыныптары «Ғафу ізімен». Қазақ халқының ақыны өмірі Ғафумен таныстыру. Ғафу шығармаларын оқып – үйренуге деген қызығушылығын арттыру. Ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, терең ойлайтын тұлға қалыптастыру. Қазақ сөз өнеріндегі Ғафудың орны мен ақындық болмысын тану;Ақынның ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы өсиеттерінің маңыздылығын түсіндіру арқылы оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыру; Оқушылардың шығармашылық қиялын дамыту, автордың ұстанымын түсінуге баулу, пікір алмасуға үйрету;Ақынның шетел ақындарының шығармаларын аударудағы шеберлігі, қарасөздері, өлеңдеріндегі ақындық биік мұрат, адамгершілік идеяларын таныту.Оқушының шығармашылық қабілетін арттыру;

2а сыныбы «Жас лингвист». Сөз адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, байыптылығын, ақыл-парасатын көрсететінін ұғындыру. Сөзге шешен адам мәдениетті әрі шебер сөйлей білу керек екеніне түсінік беру. Мәдениетті, ой-өрісі жоғары, өмірге сенімді, адал адамдардың сөйлеу тілі де жоғары болуға тиістілігін аңғарту. Тіл мәдениетін меңгерген, коммуникативтік біліктілігі артқан, логикалық ойлауы өз деңгейіне сәйкес дамыған оқушы қалыптасады. Ұлттық мәдениетті, құндылықты құрметтей білетін, рухани адамгершілігі мол, отансүйгіш азаматы болып қалыптасады.

2 ә сыныбы «Жолда жүру ережесі». Оқушылардың жол ережесі туралы білімін кеңейту, жол белгілерін, олардың топтарың ажырата білуге үйрету. Жол ережесін қатаң сақтауға дағдыландыра отырып, көше ережесіне байланысты ұғымдар мен терминдерді білу адам

өмірі үшін қажеттілігін түсіндіру. Жол ережелерін қатаң сақтау, түрлі жазатайым жағдайлардың алдын алу. Қайғылы жол оқиғаларын болдырмау, балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау. Жолда жүру мәдениетіне, жол ережелерін бұлжытпай орындауға, сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жол қозғалысы ережелері бойынша оқушылардың білімін толықтыру; Жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру; Жол оқиғаларының алдын алу.

2 б сыныбы «Логика негіздері». Логика адам өмірінің барлық салалары үшін қажетті: ғылыми жұмыста да, оқып, білім алу үшін де, күнделікті тұрмыста дұрыс пайымдап, дұрыс тұжырым жасауда да керек. 1- сыныпта осы курсты оқыту арқылы оқушылардың тұлғалық ерекшелігін қалыптастыру, ойлау мүмкіндігін кеңейту қарастырылып отыр. «Логика негіздері» курсы баланың ойын, тілін, дыбыстық есту, көру кеңістігін, математикалық аңғарымын, танымы мен қарым-қатынас дағдыларын, яғни пәнді оқып үйренуге тілдік дайындығын дамытады. Оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде әрекет етуге, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өзі-өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді.

За сыныбы, 1 сағат **Білімділер клубы**

Зә сыныбы, 1 сағат **Қызықты математика**

Зб сыныбы, 1 сағат **Логика әлемі**

За сыныбы «Білімділер клубы». Оқушылардың тапсырмалар арқылы жеке тұлғаның өзіндік ойлау қабілетін дамыта отырып, пәнді терең игеруге, шапшаңдыққа, ойын еркін дәлелдеуге, ізденімпаздыққа үйрету. Есте сақтаудың түрлерін, қиял мен зейінді қалыптастыру және дамыту. «Білімділер клубы» үйірмесі оқушылардың бастауыш сыныптарда оқытылатын негізгі пәндерден алған білімдерін тереңдету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Өзінің даму деңгейіне сенімді болуға тәрбиелейді. Оқушының ой-өрісі дамиды. Ойлау іскерлігі қалыптасады. Ақыл- ойы жетіледі. Есте сақтау қабілеті артады. Қызығушылық қабілеті оянады. Тіл, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Оқушы өз бетімен білім алуға дағдыланады.

Зә сыныбы «Қызықты математика». Қосымша сабақ арқылы математика пәніне деген қызығушылығын арттыру мақсатында дидактикалық ойындар, математикалық жұмбақтар оқушылардың білім, білік дағдыларын дамыта түседі. Есептерді шығару барысында оқушылар математикалық ұғымдарды меңгереді, ойлау қабілеті дамиды. Өз пікірін логикалық жолмен дәлелдей білуге алған білімдері бойынша тиісті қорытынды жасауға, өздері игерген есептерді шығару дағдыларын іс жүзінде қолдана білуге жаттығады. Математикалық есептерді шешу, тапсырмаларды дәлелдеу, оқушылардың ойын оятып, есте сақтау қабілеттерін дамытады, батыл қимылдар жасауға, шығармашылық есептерді шығаруға баулиды. Математика пәнінің негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып жасалған бұл бағдарлама оқушылардың білім-білік деңгейлері, танымдық қабілеттерін арттырады. Оқушының қисынды ойлау қабілеттерін дамытып, пәнге қызығушылықтарын арттырудың негізгі бір жолы дидактикалық-ойын тапсырмалар беру. Логикалық ойды дамытуға арналған жаттығуларды орындауға машықтандырады. Математикалық білімдерін, ойлау қабілеттерін арттырып, зейінін, есте сақтау процестерін дамытады.

Зб сыныбы «Логика әлемі». Бұл үйірме оқушыларға бағдарлама бойынша математикадан алған білімдерін жалпылауға, тереңдетуге мүмкіндік береді. Екінші жағынан математиканы техникада, өнерде, практикалық қызметте, тұрмыста қолданудың зор мүмкіндіктерін көрсетеді, дұрыс шешімді табуда, әртүрлі есептерді соның ішінде тұрмыстағы есептерді шешудегі логиканы қолдануға үйретеді. Барлық есептер, олардың дәлелдеулері оқушыларға қиындықтар тудырмайды, өйткені құрамында қиын есептеулері жоқ, ал әрбір алдыңғы есеп келесіге дайындық және әрбір есеп қайталанбайтындай етіп, қарапайымнан күрделіге қарай, зейіні мен логикасын сақтай отырып таңдалып алынған. Оқушылардың жас ерекшелігі ескеріліп, бағдарламаны оқушылардың, соның ішінде, жақсы

математикалық дайындығы жоқ әртүрлі топтар үшін қолдануға болады. Сабақ тақырыптарын пікірсайыс түрінде, эвристикалық әдіс негізінде жоспарлауға болады.

Жеке және топталған жұмыс түрін қолдана отырып, өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмаларды талқылаумен шығартуға болады.

Тапсырмаларды өз бетінше орындау оқушыларды іздемпаздық және шығармашылық дамуына мүмкіндік береді. Оқушылардың танымдық қабілеттерін, ақыл-ойын дамыту арқылы логикалық мәдениетін және функционалдық сауаттылығын қалыптастыру

4а сыныбы, 1 сағат *Математика әлемі*

4ә сыныбы, 1 сағат *Жас лингвист*

4б сыныбы, 1 сағат *Жолда жүру ережесі*

4в сыныбы, 1 сағат *Математика әлемі*

4а,4в сыныбы «Математика әлемі». Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады. Математиканы үйренуге ынтасын арттыру, оқушыларды қызықтыру әрекеттерін қалыптастыру. Ойын дәлелді жеткізе білуге жаттықтыру. Математикалық сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту. Шығармашылық ізденіске жетелеу. Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша өзгертіп шығаруға жаттықтыру. Талдау, жинақтау, ұқсастықты табу, ерекшелікті ажырату әрекетін дамыту. Өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру. Оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді. Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады. Шамаларды салыстыра білуге үйренеді. Проблемалық жағдаятты шеше алады.

4ә сыныбы «Жас лингвист». Үйірме аптасына 1 сағат, жылына 36 сағатқа берілген. Бұл үйірме оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, артикуляциялық жаттығулар ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамытады.

Үйірменің оқу материалына халық ауыз әдебиеті үлгілерін (аңыз-әңгімелер, өлең-жыр, шешендік сөздер, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, ертегі т.б.) сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді. Артикуляциялық жаттығулар ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін және көркем жазуын дамытады. Оқушылардың сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру. Артикуляциялық жаттығуларды қатыстыра отырып, білім алушылардың дұрыс сөйлеуін, мағыналы сөйлем құрауын, ой-пікірлерін жүйелі айтуды қалыптастыру. Оқушылар ертегі, әңгіме, өлең тыңдауға, шығарманың мағынасын түсінуге, кейіпкерлерді бағалауға, адамгершілік қасиеттерді сипаттауға ниеттенеді. Өлеңдерді нақышына келтіріп, жатқа, мәнерлеп оқуға үйренеді.

4б сыныбы «Жолда жүру ережесі». Оқушылардың жол ережесі туралы білімін кеңейту, жол белгілерін, олардың топтарын ажырата білуді үйрету; Жол ережесін қатаң сақтауға дағдыландыра отырып, көше ережесіне байланысты ұғымдар мен терминдерді білу адам өмірі үшін қажеттілігін түсіндіру; Жолда жүру мәдениетін қалыптастыру, әдептілікке, өзара достыққа тәрбиелеу. Оқушылардың оқу-тәрбие үрдісінде алған білімдерін әрі қарай дамытуға мүмкіндік жасап, қабілеттерін шыңдау, жол ереже белгілерін топтарға ажырата білуге үйрету; Жол ережелеріне байланысты белгі атауларын жаттап алуға дағдыландыру; Оқушылардың жолда жүру мәдениетін дамыту; Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Жол ережесін қатаң сақтауға дағдыландыра отырып, көше ережесіне байланысты ұғымдар мен терминдерді білу адам өмірі үшін қажеттілігін түсіндіру. Жол ережелерін қатаң сақтау, түрлі жазатайым жағдайлардың алдын алу. Қайғылы жол оқиғаларын болдырмау, балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау. Жолда жүру мәдениетіне, жол ережелерін бұлжытпай орындауға, сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жол қозғалысы ережелері бойынша оқушылардың

білімін толықтыру, жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру, жол оқиғаларының алдын алу.

2023–2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары (негізгі орта білім беру) келесі құжаттарға сәйкес әзірленді: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді. (23.09.2022 № 406), Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 10 желтоқсанда № 8170 тіркелді. (12.08.2022ж. № 365), Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 сәуірде № 8424 тіркелді. (16.09.2022ж. №399), Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына негізделіп жасалған.

29.08.2023 жылғы №1 Педагогикалық кеңестің шешімі негізінде 5-9-сыныптарға Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 12.08.2022ж. № 365 толықтырулар мен өзгерістер енгізілген 6-қосымшасы алынды.

Инварианттық компонент бойынша 5- сыныпта – 28 сағат, 6-сыныпта -28 сағат, 7-сыныпта– 31 сағат, 8-сыныпта аптасына -32 сағат, 9-сыныпта -33 сағатты құрайды.

Мектептегі вариативтік компонентке 5- сыныптарға - 0,5 сағаттан, 6-сыныптарға- 0,5 сағат, 7-сыныптарға 0,5 сағат, 8-сыныптарға- 0,5 сағат, 9-сынып- 1 сағат.

5-9- сынып оқушыларының әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал ету, білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру, тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру, білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту, эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу мақсатында «Жаһандық құзыреттілік» курсына берілді.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 10-11- сыныптарға Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді. (23.09.2022 № 406), Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 10 желтоқсанда № 8170 тіркелді. (30.09.2022ж. № 412), Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім

2025 жылғы 27 тамыздағы №1 Педагогикалық кеңес отырысында вариативтік компонент аясында ұсынылған курстардың бағдарламалары қаралып, бекіту туралы шешім қабылданды. Вариативтік компоненттегі 10-сыныптағы 3 сағат және 11-сыныптағы 3 сағат жаратылыстану-математика бағытын бағдарлап оқыту негізінде оқу үрдісін ұйымдастыру тұлғаның интеллектуалды дамуын, оқушылардың логикалық және абстрактылы ойлауын қалыптастыруға бағыттап, жаратылыстану-математикалық бағыттағы мамандықтарға бағдарлау мақсатында жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру және математикалық білімді оқушыларға терең меңгертуге көмектесіп, оқушылардың дайындыққа белсенділігін арттыру, шығармашылық, танымдық, ізденіс қабілетін дамыту мақсатында «**Жаһандық құзыреттілік**» курсы, (10 «Ә» 11 «Ә», «Б» сыныптарында 1 сағаттан), Python бағдарламалау тілдерінің бірінде бағдарламалау

негіздерін меңгеру арқылы шығармашылық өзін-өзі көрсетуге қабілетті оқушының жеке басын дамыту мақсатында 10 «Б» сыныбына **«Python бағдарламалау тілі»** курсы берілді (облыстық оқу әдістемелік кеңес 10.05.2024ж. №3 хаттама). 10 «Б» сыныбына аптасына 1-сағаттық **«Физикадан күрделі есептерді шығару жолдарына нұсқау»** курсына берілді (ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы 2023 ж. ISBN 9786017154509). Қолданбалы курстың ерекшелігі физикалық есептердің шығарылу жолдары графиктік немесе таблицалық әдістерді қолдану арқылы орындалады. Сонымен қатар, бағдарлама оқушылардың сабаққа қызығушылығын, процестерді өз бетінше тануын және оларды өз бетінше практикада қолдануына мүмкіндік туғызады. Оқушылардың танымдық және практикалық есептер шығаруына жағдай жасау мақсатында **«Физиканың графиктерде және кестелердегі таңдаулы есептерді шығару әдістері»** (ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы 2023ж. ISBN 9786017154516). (11 «Б» сынып, 2 сағат) курсы енгізілді. Биология сабағында ғаламдық, аймақтық экологиялық мәселелердің пайда болу себептері мен оларды шешу жолдарын зерттеуде өз беттілігін және компоненттілігін дамыту, білім алушыларды қосымша материалдармен және өздігімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту мақсатында 11 «Ә» сыныбында **«Биология сабағында экологиялық мәселелерді шешу жолдары»** (облыстық оқу әдістемелік кеңес 08.01.2025ж. №1 хаттама) элективті курсына берілді. (2 сағат). Жүргізілетін бағдарламалар авторлық бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

Жұмыс оқу жоспарының оқу жүктемесінің жалпы көлемі стандарттарға сәйкес келеді.

2025–2026 оқу жылында мектепте жалпы орта білім беру жүйесінде 6-сынып жинағы бар.

10-11- сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы 34 оқу аптаны құрайды. Оқыту бес күндік оқу аптасында жүргізіледі.

Оқу-жұмыс жоспары Педагогикалық кеңестің 2025 жылғы 27 тамыздағы №1 қаулысымен қаралды және бекітілді.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Оқу-жұмыс жоспарының оқу жүктемесінің жалпы көлемі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сай.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10-11 сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспарына мемлекеттік тілде оқитын 10-11 сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспары 2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуға және оқу процесін төмендегідей нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруға тиіс:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 10 желтоқсанда № 8170 тіркелді.

Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау

курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 сәуірде № 8424 тіркелді.

Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелді;

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 тамызда № 23890 болып тіркелді ;

«2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТқа негізделіп жасалған.

27.08.2025 жылғы №1 Педагогикалық кеңестің шешімі негізінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарға Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 26.10.2023ж. № 323 толықтырулар мен өзгерістер енгізілген 85-қосымшасы алынды.

Оқу жылының ұзақтығы 34 аптаны құрайды. Инварианттық компонент бойынша 10- сыныпта – 31 сағат, 11- сыныпта – 31 сағат.

Бұл бағыттағы 10 «А», 11 «А» сыныптарының Шетел тілі (Ағылшын тілі), информатика пәндері топқа бөліп оқытылады. 10 «Ә» сыныбы толымдылығы 24 оқушыға жетпегендіктен топқа бөлінбейді.

2025 жылғы 27 тамыздағы №1 Педагогикалық кеңес отырысында вариативтік компонент аясында ұсынылған курстардың бағдарламалары қаралып, бекіту туралы шешім қабылданды. Вариативтік компонентте берілген 3 сағатты 10 «А» сыныбына 12-17 жас аралығындағы білім алушылардың жеке тұжырымдамасын дамыту, көшбасшылық қабілеттерін арттыру және ойлау , есте сақтау қызметін ұйымдастыру мақсатында **«Дебат технологиясы»** курсы енгізілді. (облыстық оқу әдістемелік кеңес 05.05.2021ж. №4 хаттама, 1 сағат), 10 «Ә» сыныбына **«Қостанай өлкесінің даналары мен дара тұлғалары»** (ҚР Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік 26.05.2024ж. №45895). Осы сыныптың оқушыларының таңдауы бойынша мателлдар химиясын толы біліп, зерттеу мақстаында **«Металлдар химиясы»** курсы енгізілді (қалалық оқу әдістемелік кеңес 10.06.2025 ж. №4-5 хаттама, 1 сағат), 11 «А» сыныбына халық аңыздарында, ауыз әдебиетінде кең орын алатын, жиі кездесетін кестелі сөз шешендерінің көп алдына шығып, дәстүрлі айтыс, дау шешу әрекеттеріндегі элементтер мен олардың тигізер ықпалы, оның санаға әсер етер қасиетіне сүйеніп, қазақтың өзіндік ораторлық негізін қалағанын зерделеу және өзіміз шама-шарқымыз жетіп, өз басымыздан кешкен, оқушылар жүректен өткізген, ораторлық тұрғыдан зерделеген тәжірибені, өз халқымыз бен өзге ұлттардың ғалым- теоретиктерінің пайым-тұжырымдарын басшылыққа ала отырып болжау жасау мақсатында 1 сағаттық **«Ораторлық өнер»** (ҚР Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік 23.11.2022ж. №30559) және оқушылардың сөйлеу мәдениеттерін, сөйлеу этикасын, коммуникациялық дағдыларын

дамыту мақсатында **«Риторика»** (ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы 2022ж. ISBN 9786013161310) курстары алынды. Өмірі мен шығармашылығы өлкемізбен байланысты біртуар тұлғалардың өмірі мен тағдырынан үлгі алу, оқушылардың бойында патриоттық сезімді ұлғайту мақсатында Және де білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру, тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру, білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту, эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу, мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру мақсатында **«Жаһандық құзыреттілік»** (10 «А», «Ә», 11 «А» сыныптарында 1 сағаттан) курсы енгізілді. Жүргізілетін бағдарламалар авторлық бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

Жұмыс оқу жоспарының оқу жүктемесінің жалпы көлемі стандарттарға сәйкес келеді.

2025–2026 оқу жылында мектепте жалпы орта білім беру жүйесінде 6-сынып жинағы бар.

10-11- сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы 34 оқу аптаны құрайды. Оқыту бес күндік оқу аптасында жүргізіледі.

Оқу-жұмыс жоспары Педагогикалық кеңестің 2025 жылғы 27 тамыздағы №1 қаулысымен қаралды және бекітілді.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Оқу-жұмыс жоспарының оқу жүктемесінің жалпы көлемі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сай.

Қорытынды:

Оқу пәндері бойынша оқу жүктемесі Типтік оқу жоспарына сәйкес сақталған. Сабақ кестесіне жұмыс оқу жоспарының инварианттық компонентіне енгізілген барлық оқу пәндері енгізілді, олардың атаулары оқу-жұмыс жоспарына сәйкес келеді. Апталық жүктеме пәндер бойынша ОЖЖ талаптарына сәйкес белгіленген.

- Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.

<https://drive.google.com/drive/folders/1nXdCIwYwM7K-o8ENRki5QGDmaSEdRGn?usp=sharing>

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Қостанай қаласы білім бөлімінің Ғ. Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектебі» КММ-дегі тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Бала құқықтары туралы» конвенциясы, Қазақстан Республикасындағы оқушылардың тәрбие жұмысын күшейтуге арналған білім беру ұйымдарында оқу үдерісіндегі тәрбие құрамдас бөлігін жүзеге асырудың үлгілік кешенді жоспары, сондай-ақ ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023-2026 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие» бірыңғай бағдарламасын іске асырудың кешенді жоспары негізінде жоспарланып, ұйымдастырылады.

Мақсат - рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру.

Міндеттер:**Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдықты, әділдікті, мейірімділікті, қамқорлықты, мейірімділікті және басқа да адамгершілік қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру;

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

өз еліне және оның жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

өз құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайындығын дамыту;

белсенді қатысу әлеуметтік маңызы бар салаларда ой-іс-әрекет және.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

мінез-құлықта және басқалармен қарым-қатынаста адалдық пен әділдікке тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті дамыту;

еңбекқорлықты және өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты қалыптастыру;

өзгенің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушы тұлғасының үйлесімді дамуына жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;

білім беру ортасында қолайлы психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қолдау;

отбасын тәрбие процесіне тарту.

Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті нормативтік-құқықтық база мен тиісті құжаттар бар:

1. БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>;

3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы

туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-

IV Кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>;

4. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>;

5. «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы»

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;

6. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;

7. «Балалардың денсаулығымен дамуына

зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>; 2024 жылғы «30» шілдедегі №194 бұйрығы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы атауы өзгертілді

2023-2024 оқу жылы тәрбие жұмысында Қазақстандық және шетелдік авторлардың әдістемелік ұсыныстары мен әдебиеттері қолданылады.

Тәрбие жұмысының мақсаты – дені сау, бәсекеге қабілетті, сыни ойлай алатын, полимәдениетті, шығармашылық тұрғыда дамыған, әлеуметтік бағытталған, үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайларда тиімді шешім қабылдай алатын, білімді өмірлік құндылық ретінде қабылдайтын және оны өмір бойы жалғастыруға дайын тұлғаның моделін қалыптастыру.

Басым бағыттар:

- мейірімділік;
- қайырымдылық;
- еріктілік;
- табыс;
- білім;
- денсаулық;
- құқықтық тәртіп;
- талант;
- сұлулық;
- тәртіп;
- белсенділік.

Тәрбие жүйесінің міндеттері:

- облыстық «Үндестік» жобасын іске асыру шеңберінде отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау;
- рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту;
- жалпы адамзаттық қасиеттер негізінде көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын қалыптастырудың кешенді, үздіксіз және тұрақты жүйесін құру.

Барлық тәрбие қызметі келесі бағыттарға сәйкес құрылған:

- қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу;
- рухани-танымдық тәрбие;
- ұлттық тәрбие;
- отбасылық тәрбие;
- еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- интеллектуалдық тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
- дене тәрбиесі, салауатты өмір салты;
- ЖЖЕ;
- мектепшілік жобалар;
- ақпараттық: «Мектеп сайты», «Фейсбук», «Instagram», «TikTok».

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ» бағыты бойынша жасалған тәрбие жұмыстары:

1 қыркүйек – «Мектеп – Мейірім мекені» тақырыбында 1-11 сынып оқушылар арасында Білім күні іс-шарасы өткізілді «Жол ережесін білесің бе?» тақырыбында 5-8 сыныптар аралығында өткізілді. «Күй атасы - Құрманғазы» Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығын атап өту мақсатында «Білгенге маржан» рубрикасы аясында мәліметтер берілді. «Тұрмыстық зорлық –зомбылықсыз Қазақстан» тақырыбында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 5-11 сынып оқушылары арасында дәріс өткізілді. Мектебімізде «25 қазан – Республика күні» мерекелік кеш өткізіліп, өлеңдер челленджі (видео) ұйымдастырылып, әлеуметтік желіге жарияланды.

«Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы негізінде 1-11 сынып оқушылары арасында мектеп инспекторы Д.Даниярович қатысуымен дәріс өткізілді. «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!» тақырыбында 8-11 сыныптар аралығында дәріс өткізілді.

«Үндестік» жобасы аясында «Құқықбұзушылықтың алдын алу» құқық бұзушылыққа бейім оқушылардың ата-аналарымен кездесу өткізілді.

«Тәуелсіздік – Тұғырым» 16 желтоқсан –Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 1-11 сыныптар оқушылары тәрбие сағаттары мен челлендждар, бейнероликтер көрсетілді. «Ер есімі ел есінде » тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы » аясында «Түнгі уақытта жүрмеу – қауіпсіздіктің белгісі» 5-11 сыныптар арасында мектеп инспекторы, әлеуметтік педагог, мектеп психологы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп,сауалнама алды.

Қалалық КВН ойыны бойынша қысқы кубогы ойнатылып, жоғарыда атлаған мектебіміздің 8-9-сынып оқушылары «Марина Канатовна» командасын құрып, команда капитаны Бекмухамед Әлібек мектептің атына алғыс хат иеленді және «Үздік әртіс» номинациясы мен ақшалай жүлделі қордың жеңімпазы Баяхметова Жұлдыз атанды.

«Білгенге маржан» рубрикасы аясында.Діни экстремизм мен лаңкестіктің алдын алу мақсатында «Дін және шындық» дәрістері 9-11 сынып оқушылары арасында жүргізілді.

«Қазақ киноасының атасы – Шәке Айманов» Ш.Аймановтың 110 жылдығына орай сынып сағаттары өткізілді. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» сынып сағаттары мен Құқықтық Лекторий мектеп инспекторымен бірлескен жұмыс өткізілді.

«Ғарышқа түрен салған қыран қазақ» 12 сәуір ғарышкерлер күніне орай макеттер сайысы 1-9 сыныптар арасында ұйымдастырылды. 5-6 сыныптар оқушылары арасында «Ата-бабаларымыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз» көрмесі ұйымдастырылып, оқушылар үздік жұмыстарын көрсетті.

«Оқитын мектеп» жобасы негізінде «Оқырмандар отбасы» тақырыбы 8-11 сыныптарарасында сайыс өткізілді.«Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн», «Жазғы демалыс уақытындағы өмір қауіпсіздігі» тақырыбында 5-11сынып оқушылары арасында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

«АР- ҰЯТ» бағыты бойынша жасалған тәрбие жұмыстары:

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында

«Назар аударыңыз, балалар!» акциясы жол-көлік оқиғаларының алдын алу шаралары 5-8 сынып оқушылары арасында өткізілді. Еңбегі адал жас өрен» жобасы, 1-11 сыныптар аарсында Отбасы күнін мерекелеуге арналған «Отбасы- бақыт мекені » іс-шаралары өткізілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы «Қауіпсіз мектеп ортасы» акциясы негізінде кибербуллингтен қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. «Адал ұрпақ » клубының қызметі 1-11 сыныптар арасында жүргізіледі.Еңбек ардагерлері мен жергілікті әкімдік қызметкерлерінің қатысуымен «Еңбекшіге арналады...» форумы өткізілді.

1-11 сыныптар арасында «Қарттарым-қазынам» еңбек ардагерлерімен кездесу өткізіледі.«Ұстаз деген жарық күні ғаламның» мерекелік іс-шарасы ұйыдастырылып, мұғалімдерге көңіл-күй сыйладыс«Мейірімділік құндылығы» буллинг, кибербуллингтің алдын алу, тренингтер «Әкем айтқан нақыл сөз...» әкелер кеңесімен кездесу («Үндестік» жобасы) аясында өткізілді.

«Ата-ана комитетінің шығармашылық тобының өзара әрекеттесу» («Үндестік» жобасы) жүргізілді. «Балалардың бейімделуіне байланысты сауалнама» педагог-психологы Алимова М.Б. алды. «Адал еңбек бейнесі» суреттер конкурсы «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы өз жұмысын жүйелі жүргізді.

«Үндестік» жобасы аясында «Қызым саған айтам...» аутодеструктивті мінез-құлықтың және жыныстыққолсұғылмаушылықтың алдын алу (5-11 сыныптар) дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

9-11 сыныптар аралығында «Мен өмірді сүйемін» тренингтер, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу тренингі өткізілді.«Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары»тақырыбында сынып сағаттары.

«Үндестік» жобасы аясында «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» видео челлендж ұйымдастырылды.

5-11 сыныптар «Бір шаңырақ астында» жәрмеңке, 1 мамыр – Қазақстан халықтары бірлігі күні орай кең көлемде ұйымдастырылды. «Жазғы сауықтыру алаңында қандай үйірмелер болғанын қалайсыз?» ата-аналарға арналған сауалнама жүргізілді.«Үндестік» жобасы, «Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде мини футболдан спорттық сайыс ұйымдастырылды.

«ТАЛАП» бағыты бойынша жасалған тәрбие жұмыстары:

Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Ұлы даланың халықаралық тілі» іс-шаралары өткізілді. 5-11 сынып оқушылары арасында «Денсаулық күні» спорттық іс-шарасы ұйымдастырылды. «Оқитын мектеп» жобасы аясында «Бір отбасы – бір кітап» тақырыбында 8-11 оқушылары мен ата-аналары арасында челлендж ұйымдастырылды. 8-11 сынып оқушылары арасында «Нашақорлық – қауіпті індет, алдын алу» АҚТҚ/ЖҚТБ - жұқпасының алдын алу тақырыбында челленджер, «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» спорттық сайыстар өткізілді.

5-11 сыныптар оқушылары арасында «Жаңа жылдық шырша» мерекелік іс-шара, қысқы демалыстағы қауіпсіздік ережесі өткізілді.

8-11 сыныптар арасында «Діни экстремизм, терроризм, жат діни ұйымдар» дөңгелек үстел жүргізілді. «Салауатты өмір салты. Суық тию, жұқпалы аурулардың алдын алу» 8-11 сынып оқушылары арасында дәріс өткізілді Оқитын мектеп» жобасы аясында Bookdating «Бірге кітап оқиық!» челленджі өткізілді. «Оқитын мектеп» жобасы «Мен оқыған қызықты әңгіме» буктрейлер 5-11 сыныптар арасында өткізілді.«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 8-11 сыныптар аралығында «Мамандықтар әлемін ашамыз» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Менің таза аулам...» акциясына оқушылар мен мектеп ұжымы қатысып, алаңды тазалады

«Ер мен жердің жеңісі» 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған сынып 8-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.

5-11 сыныптар арасында «Күнделікті өмірдегі адалдық» интернет алаяқтықтан сақтану мақсатында дәріс өткізілді.

2024-2025 оқу жылында білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылды. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылды.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталды:

- Қыркүйек–еңбекқорлықжәнекәсібибіліктілікайы;
- Қазан айы–тәуелсіздікжәнеотаншылдықайы;
- Қараша айы–әділдікжәнежауапкершілікайы;
- Желтоқсан–бірлік жәнеынтымақайы;
- Қаңтар–заңжәнетәртіпайы;
- Ақпан–жасампаздықжәнежаңашылдықайы;
- Наурыз–тәуелсіздікжәнеотаншылдықайы;
- Сәуір–еңбекқорлықжәнекәсібибіліктілікайы;
- Мамыр–бірлік және ынтымақайы.

1. Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Жалпы орта мектеп түлегі: халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну; ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну; мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау; мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу; отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты

қызығушылық; Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

2. Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Жалпы орта мектеп түлегі: әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану; ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау; басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну; қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттермен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау; мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

3. Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Жалпы орта мектеп түлегі: нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу; әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу; қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану; белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету; тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

4. Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Жалпы орта мектеп түлегі: өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау; моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану; тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

5. Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Жалпы орта мектеп түлегі: тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы; өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау; нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу; еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;

Дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

6. Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Жалпы орта мектеп түлегі: зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті; ақпаратты талдау және бағалау; жаңа идеяларды ұсыну; заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру; мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Күнделікті мектепте жүргізілген іс-шаралар:

«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» қоңырау уақытында оқушылар өзін-өзі басқару парламентінің мүшелері ұйымдастырады.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың 15 минут ішінде өзекті моральдық тақырыптардың бірі бойынша баласымен күнделікті жеке әңгімелесу өткізді.

«Үнемді тұтыну» – суды, азық-түлікті, энергияны және табиғи ресурстарды тұтыну бойынша күнделікті іс-әрекеттер арқылы табиғи ресурстарға (су, энергия) ұқыпты қарауды қалыптастыру мақсатында жаднамалар, нұсқаулықтар стенд қабырғаға ілініп, оқушыларға таратылды.

«Күй күмбірі» – күйлерді қоңыраулардың орнына пайдаланылды.

Апта сайын жүргізілген іс-шаралар.

«Менің Қазақстаным»: оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

«Аптаның дәйексөздері» – мақал-мәтелдер, халық даналығы, тәрбиелік мәні бар көрнекті тұлғалардың нақыл сөздері *оқудан тыс бүкіл ұйымның қызметі*. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде Led-экрандарда, тақталарда орналастырылды.

«Қауіпсіздік сабағы» – білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз жүріс-тұрысын сақтауы, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін, тіршілік қауіпсіздігі негіздерін сақтау мақсатында сынып сағаты аясында *10 минут қауіпсіздік сабағы* өткізілді.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу аясында білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүзеге асырылды. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі профилактикалық іс-шаралар біріктірілді:

- ✓ Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- ✓ Буллингтен қорған!
- ✓ Ойынға салауатты көзқарас;
- ✓ Өмірге салауатты қадам;
- ✓ Қоғамдық мүлікті қорға!
- ✓ Қауіпсіз қоғам.

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру: басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің ролін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру тетіктері:

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Біртұтас тәрбие кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

2024-2025 оқу жылында 6 құндылық бойынша жүргізілген жұмыстар:

«Еңбекқорлық және кәсібибіліктілік» атты бағыт бойынша 1 қыркүйек –

«**Мектебім-мейірім мекені**» тақырыбында 1-11 сынып оқушылары арасында, алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. «Тілім менің ғасырларға аманат» А.Байтұрсыновтың туған күніне орай дөңгелек үстел өткізілді. Тайм-менеджмент және өзін-өзі ұйымдастыру біртұтас тәрбие жоспары бойынша ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. 1-11 сыныптарда "Жауапкершілік түрлері: тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық" мүдделі органдармен бірлесе отырыс ұйымдастырылды. «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челлендж өтті. Профилактикалық жұмыс кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде іс-шара өткізілді. «**Заң және тәртіп**» құндылығы бойынша «Жолда жүру ережесін сақтау және жарақаттың алдын алу» тақырыбында 1-4 сынып оқушыларына дәріс өткізді. Бұл дәрістен оқушыларымыз мектепте жүру тәртібімен қатар жол қозғалысы жайлы көптеген ақпараттар ала алды. «Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз», «Заң және тәртіп», «Қауіпсіз қыс» тәрбие сағаттары жүргізілді.

Тәуелсіздік және патриотизм бағыты «Дені саудың – жаны сау» іс-шарасы барысында оқушылар дене шынықтыру жаттығуларына белсенді қатысып, дұрыс тамақтану мен физикалық белсенділіктің маңыздылығы туралы білім алды. Іс-шараға жалпы 1-11 сынып оқушылары қатысты. Іс-шара бірнеше кезеңнен тұрды: Сергіту жаттығулары: Барлық қатысушылар бірлесе отырып, дене жаттығуларын орындады. Әңгіме-сабақ: Салауатты өмір салтын сақтау туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Спорттық ойындар: Қызықты жарыстар мен ойындар ұйымдастырылып, жеңімпаздарға шағын сыйлықтар берілді. Сайыс соңында жеңімпаз оқушылар мақтау қағазымен марапатталды. «Ұлттық мереке ұлы күн» Республика күні атты арналған мерекелік іс – шара ұйымдастырылды концерттік бағдарлама форматта жоғары дәрежеде өтті іс – шараға мектебіміздің оқушылары белсене қатысты. «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік акция, жәрмеңке «Күзгі асар» ұйымдастырылды. Вейпті тұтынудың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс мектеп инспекторы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Әділдік және жауапкершілік» құндылығы бойынша Тілдер күні мерекесіне байланысты 6 сынып оқушылары А.С.Пушкин атындағы қалалық балалар кітапханасына барып, “Тіл-халықтың тірі жаны” атты эрудит шоу интеллектуалдық іс-шарасына қатысып, білімдерін шыңдап қайтты. «Қарттарым асыл-қазынам» Іс-шараға мектептің ардагер ұстаздары мен қарт кісілері қатысты. Іс-шара мерекелік атмосферада өтті. Мектептің акт залы мерекеге сай безендіріліп, оқушылар ардагер ұстаздарға арнап концерттік бағдарлама ұсынды. Концерт бағдарламасында: Музыкалық нөмірлер; Әндер; Сахналық көріністер; Билер; Құттықтау сөздер қамтылды. Оқушылар қарттарта өз қолдарымен дайындаған сыйлықтарын табыстады.

5-8 сыныптар арасында “Жол ережесін білесің бе?” тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Оқушылар жол ережесімен танысты. «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс», 15 қараша – Ұлттық валюта күні, «Жыныстық тиіспеушілік, ерте жүктілік», Өз әрекеттері үшін жауапкершілік тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Зияткерлік ойындар «Ұшқыр ой алаңы», оқушылар арасында сайыстар өткізілді.

«Бірлік және ынтымақ» құндылығына байланысты «Ата аналарды қолдау орталығы» жобасы аясында жоспарланған іс-шаралардың барлығы толық көлемде жүзеге асырылды. Әрбір тақырып мазмұнына қарай ата-аналар мен оқушылардың өзара ынтымақтастығын, отбасы құндылықтарын, ұлттық дәстүрді, бірлікті және қоғамдағы өзара қолдауды дәріптеуге бағытталды. Директор сағаты – жыл бойы тұрақты түрде ата-аналармен кездесулер өткізіліп, мектептің даму бағыттары, оқушылар тәрбиесі, ата-ана мен мектеп арасындағы байланыс мәселелері талқыланды. Бұл іс-шара ҚР «Білім туралы» Заңының 44-бабындағы «ата-аналардың білім беру ұйымымен бірлесе жұмыс істеу міндетіне» негізделді.

Біртұтас тәрбие жоспарына сай мектебімізде «Мектеп президенттінің» сайлауы өтті. Сайлауға Бекмухамед Алибек 10 А, Баяхметова Жулдуз 9 В, Сактаганова Ару 8 Б сыныптарының оқушылары өздерін кандидаттыққа ұсынды. Сайлауға 456 оқушы мен мұғалім қатысты. 10 А сыныбының оқушысы Бекмухамед Алибек жеңіске жетті. Оқушыларды қатарға қосу «Жас Ұлан» «Жас Қыран» салтанатты жиыны өткізілді. «Даналық ұстаздан» атты ұстаздарға арналған мерекелік ән-шашу ұйымдастырылды. Мектептің акт залы ұстаздар мерекесіне сай безендірілді. Іс-шараны оқушылар ұстаздарға арнаған жылы лебіздері мен құттықтауларынан бастады. Концерттік бағдарлама ұсынылды, оның ішінде: Әндер мен музыкалық шығармалар; Сахналық қойылымдар мен көріністер; Би нөмірлері; Ұстаздарға арналған арнайы құттықтаулар мен алғыс сөздер.

Сонымен қатар, оқушылар ұстаздарға өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын табыстады. Іс-шара барысында мұғалімдердің еңбегі ерекше атап өтіліп, олардың оқушыларға деген ықпалы мен тәрбие беру жолындағы еңбегіне алғыс білдірілді. Ұлықты ұстаздар мерекесіне орай 30 жылдық еңбек өтілі бар ұстаздар ҚР Оқу ағарту министрлігінің Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Жасампаздық және жаңашылдық құндылығы Тілдер күні Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша қыркүйек айының 13 күні Гафу Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектеп базасында облыстық «Махамбет оқулары» өтті.

Мақсаты: Мектеп оқушылары аясында Махамбеттің ұлтына ұран болған рухы биік туындыларын насихаттау, рухты ақынның рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелей отырып азаматтық тәрбие беру, тарихи танымдары мен сана сезімдерін, өмірлік айқындамаларын қалыптастыру болып табылады. Байқауға Қостанай облысының 15 өңірінен 45 оқушы қатысты. Қатысушылардың бәріне сертификат беріліп, 1,2,3-орын иегерлеріне сыйлықтар табысталды. Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері қазіргі қоғам дамуының ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған. Ғаламдану дәуірінде адамзаттың қоршаған әлемге технократиялық және тұтынушылық көзқарасы басым. Осыған байланысты адамзатты рухани-адамгершілік құндылықтарға қайта бағыттау, ана тілі мен ұлттық менталитеттің маңызын арттыру қажет. Бұл ұлттың тұрақты дамуы мен рухани әлеуетін күшейтудің кепілі болмақ. Қазақ халқының менталитеттік ерекшелігі – жерге, елге деген сүйіспеншілік пен құрмет, отбасылық құндылықтарға адалдық, үлкенге құрмет, кеңпейілділік, мейірімділік, ашықтық, қонақжайлылық, төзімділік. Оқушылармен жүргізілетін жұмыс балалардың азаматтық жауапкершілігі мен құқықтық санасын, руханияты мен мәдениетін, еңбекқорлығын, бастамашылдығы мен дербестігін, төзімділігін, қоршаған ортаға, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілігін, салауатты өмір салтын ұстану қабілетін және қоғамда табысты әлеуметтену мүмкіндігін қалыптастыруға бағытталған. Тәрбие жұмысы оқушының әлеуетін, қабілетін, қызығушылығын, бейімділігін дамытып, өмірге қажетті маңызды қасиеттерді қалыптастырады, бос уақытты пайдалы әрі мәнді өткізуге баулиды, балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайтады және моральдық-іскерлік қатынастарды байытады. Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөліміне қарасты Ғ. Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектебінің тәрбие жұмысы нормативтік-әкімшілік құжаттарға негізделген, бұл құжаттар жетістіктер мен мәселелерді, негізгі үрдістерді, басты мақсаттар мен міндеттерді, оқушыларды тәрбиелеу және дамыту бағыттарын, тәрбие процесін кадрлық және әдістемелік қамтамасыз ету ерекшеліктерін, тәрбие жүйесіндегі инновациялық өзгерістерді, жоспарланған негізгі нәтижелерді сипаттайды.

Тәрбие жүйесінің тұжырымдамалық мақсаты – оқушылардың қабілеттерін дамытуға жағдай жасау, олардың адамгершілік, құқықтық және азаматтық мәдениетін қалыптастыру, салауатты өмір салтын ұстануға, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және көпұлтты мемлекетіміздің мәдени-тарихи құндылықтары негізінде азаматтық-патриоттық сана-сезімін қалыптастыру. Ғ. Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектебінде республикалық және облыстық жобалар жүзеге асырылады: «Мектеп Парламенті», «Ұшқыр ой алаңы», «Балалар кітапханасы», «Еңбегі адал жас өрен», «Шабыт», «SMART бала», «Қамқор», «Үндестік» (мектеп пен отбасының өзара байланысы бойынша 2023-2024 оқу жылында жүзеге асты), бұл жобалар мемлекеттің алдына қойған маңызды ұлттық міндеттерді шешуге бағытталған.

- "Мектепшілік өзін-өзі басқару" және "Ұшқыр ой алаңы" жобаларын жүзеге асыру арқылы Қазақстан азаматының азаматтық-патриоттық санасы мен рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады;
- "Балалар кітапханасы" республикалық жобасын іске асыру арқылы оқу сауаттылығын және коммуникативтік қабілетті дамытады.
- «Қамқор»-әлеуметтік жобаны іске асыру арқылы құндылықтарды сіңірді.
- «Еңбекадал-жас өрен»- білім алушылардың әртүрлік кәсіптерге деген қызығушылығын дамыту және еңбек сүйгіштігі идеясын ілгерілету арқылы құндылықты дамытады
- «Шабыт»-шығармашылық әлеуетті дамыту арқылы құндылықтарды ілгерілетеді.
- «Smartbala»-инновациялық жобалар байқау арқылы құндылықтарды дамытады.

- Оқушылардың құқықтық сауаттылығын, құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында "Адал Ұрпақ" ерікті клубы арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет бағытындағы жұмыстарды жетілдіреді;
- Салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыратын кешенді, жүйелі, тұрақты тәрбие жүйесін құрылып жүргізіліп отырады.;
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын, «Ата-аналарды қолдау орталығы», «Даналық мектеп клубы» жұмысын жүзеге асыру арқылы отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттайды;
- Мектеп парламенті арқылы азаматтық және шығармашылық белсенділік формаларын дамытады;
- Мектептің психологиялық-педагогикалық қызметінің рөлін арттырады;
- Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алады;
- Қайырымдылық іс-шаралар, акциялар, жәрменкелер арқылы еріктілер қозғалысын дамыту, жасөспірімдерге мейірімділік пен адамгершілік идеяларын сіңіреді;

2025–2026 оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылуда. Жоба оқушылардың бойында адалдық, әдептілік, патриотизм және құқықтық мәдениет сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие жұмысы балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі іс-шараларды қамтиды: сынып сағаттары, шығармашылық конкурстар, танымдық әңгімелер, интерактивті сабақтар және қоғам қайраткерлерімен кездесулер.

Мақсаты:

Қазақстандық мәдениеттің құндылықтары негізінде рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу (Отанға, халқына, тарихы мен мәдениетіне сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, адалдық пен әділдікке, мейірімділік пен қамқорлыққа тәрбиелеу, табиғат пен қоршаған ортаға ұқыпты қарауды дамыту).
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді қалыптастыру (ел жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу, отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілікті түсіну, құқықтар мен бостандықтарды құрметтеу, әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға белсенді қатысу).
- Парасаттылық пен адалдықты дамыту (мінез-құлық пен қарым-қатынаста әділдікке тәрбиелеу, жауапкершілікті сезіну, еңбекқорлық пен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, өзгелердің еңбегін құрметтеу).
- Үйлесімді дамуға жағдай жасау (әрбір оқушыға жеке көзқарас қалыптастыру, қолайлы психологиялық-педагогикалық орта құру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау, отбасын тәрбие процесіне тарту).

2025–2026 оқу жылының қыркүйек айы «Еңбекқорлық пен кәсіпқойлық» құндылығына негізделді. Аталған айда жоспарға сәйкес төменде көрсетілген дәйексөздер, 6 негізгі бағыт бойынша тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылып, тиісті жұмыстар атқарылды.

2025–2026 оқу жылының қыркүйек айында тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес төмендегі іс-шаралар жүзеге асырылды:

14 кесте

«Білім - қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев)
«Жанұям - қорғаным, ата-анам - тірегім!»
«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» /Абай/
«Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы /Абай/

- 2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары жасалып, келісілді;
- Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кеңес ұйымдастырылды;
- Діни тәрбиеде оқитын оқушылар туралы мәліметтер жиналды;
- 2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп түлектерінің оқу орындарына түсуі туралы анықтамалар әзірленді;
- Мектептің әлеуметтік паспорты жасалды;
- Білім алушылар мен олардың ата-аналарының деректер базасы қалыптастырылды;
- Үйірмелер, секциялар, клубтар және сабақтан тыс қызмет бірлестіктерінің кестесі құрылды;
- Жас өрт сөндірушілер, жас полиция көмекшілері және жас жол инспекторларының жұмысы ұйымдастырылды;
- Сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарлары бекітілді.

2025 жылғы 2 қыркүйекте білім беру ұйымында «Мектеп – мейірім мекені!» атты Білім күніне арналған салтанатты іс-шара өткізілді.

Іс-шара Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес Мемлекеттік Туды көтеріп, Әнұранды орындаудан басталды.

Салтанатты жиынға 1-сынып оқушылары мен олардың ата-аналары, сондай-ақ 11-сынып түлектері қатысты. Жаңа оқу жылының басталуына орай оқушыларға жылы лебіздер айтылып, білім алуға деген ынта-жігерлері арттырылды.

2–10 сыныптарда жаңа оқу жылынан күтілетін үміттер мен жазғы демалыс туралы ашық диалогтар ұйымдастырылды. Оқушылар өз ойларымен бөлісіп, алдағы оқу жылына жеке мақсаттарын белгіледі.

- «Балалар кітапханасы» жобасы:

Сыныптарда оқушылар жазғы демалыс кезінде оқыған кітаптары туралы пікір білдіріп, ұнаған кейіпкерлері мен оқиғаларын талқылады.

- Заманауи технологияларды пайдалану:

Сынып сағаттары мен әңгімелерде интерактивті тақта, презентациялар, бейнематериалдар және жасанды интеллект элементтері қолданылды.

- Республикалық интервью-челлендж:

«Мектебім – мейірім мекені!» челленджі өткізілді. Қысқаша сұхбаттарға оқушылар, ата-аналар және педагогтер қатысты.

○ 2–4 сынып оқушылары «Жазғы демалыстың жарқын естеліктері» тақырыбында,

○ 5–8 сынып оқушылары «Жаз – жаңа тәжірибе уақыты» тақырыбында,

○ 9–11 сынып оқушылары «Арманым мен мақсатым» тақырыбында ой бөлісті.

«Менің Отаным – Қазақстан!» тақырыбындағы қауіпсіздік сабақтары өткізілді. Сабақтарда оқушыларға сандық әлем қауіпсіздігі, ақпараттық қауіпсіздік, киберкультура, кибергигиена және медиатұтыну мәселелері түсіндірілді.

«Тілім менің – ғасырларға аманат» атты іс-шаралар өткізілді. Қазақстан халқы тілдері күніне және А.Байтұрсыновтың туған күніне орай оқушылардың тілге деген құрметі мен қызығушылығы арттырылды.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі апталығы өткізілді. «Ережеге сәйкес әр қадам: жол қозғалысы ережесі күзетте!» ұранымен акциялар, сынып сағаттары және үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді.

«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі өткізілді. Челлендж барысында отбасы құндылықтарының маңыздылығы насихатталды.

«Қамқор» жобасы аясындағы «Мектепке жол» акциясы өткізілді. Оқушылар волонтерлік жасаққа тартылып, қоғамдық қызметке белсенді қатыстырылды.

Отбасы күні аясында «Әжелер мектебі» сабағы өткізілді. Оқушылар аға буын өкілдерімен және ата-аналарымен кездесті.

«2025/2026 оқу жылындағы білім беру процесінің ерекшеліктері» атты жалпы мектептік ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие процесінің мазмұны түсіндірілді.

Өткізілген іс-шараларды мектептің Instagram парақшасында көруге болады.

https://www.instagram.com/kst_9_mektebi?igsh=b2swYXp3cjVtYmZi

Қамқоршылық кеңестің ұйымдастырылуы:

https://drive.google.com/drive/folders/1IJfBIYclVLeAiZORp5xnIA0eSKfeL6E6?usp=drive_link

Ғ. Қайырбеков атындағы №9 ЖББМ 2017 жылғы 9 қарашада Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына және ҚР «Білім туралы» Заңының 44-бабы 9-тармағына сәйкес қамқоршылық кеңес құрылды. Құрамында 11 мүше бар. Кеңес қызметі оқу жылына арналған жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады. Жоспар білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесі қызметінің үлгілік жоспарына сәйкес әзірленген. Қамқоршылық кеңестің құрамы жыл сайын жаңартылып отырады.

15 кесте

№	Аты-жөні	Сынып
1	Ибраева Турсункуль Кабеновна - (төрайымы)	8 А
2	Амирова Жанар Бибатыровна	11 Ә
3	Бельхеева Анжела Игоревна	9 В
4	Бектасова Майра Токеновна	1 В
5	Жилкаидарова Гульмира Манарбековна	7Ә
6	Кабимуллина Гульбану Аширхановна	1 Ә
7	Қайырбаева Гульжанат Куанышбаевна	8 Б
8	Маханова Жания Нурбаевна	5 Б
9	Муздакбаева Гульжан Тайжановна	7 Ә
10	Сакауова Зада Бахыткалиевна	2 Ә
11	Токбаева Галия Хасинхановна	9 А

Қамқоршылық кеңес – білім беру ұйымының дамуына ықпал етуге және оның қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған алқалы кеңес беру органы болып табылады. Қамқоршылық кеңес мектепте өтеусіз негізде жұмыс істейді және еріктілік, алқалылық, ашықтық, жариялылық, теңдік және қабылданған шешімдердің айқындығы қағидаттарын сақтайды: – мектептің дамуындағы басым бағыттар бойынша ұсынымдар әзірлейді; – қамқоршылық кеңестің анықтаған кемшіліктерін жою бойынша білім беру ұйымын басқару органы немесе салалық уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді; – оқу жұмыс жоспарын қарап, сабақ кестесін бекітеді; – ішкі тәртіп ережелерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

– Ата-аналармен бірлесіп жиындар өткізуге ықпал етеді; – оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың, есірткі, ішімдік, темекі шегу, қаңғыбастық, қайыршылық, буллинг пен құмар ойындарға әуестіктің алдын алуға ықпал етеді; – оқушылар арасында тәртіпті нығайтуға, мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар арасындағы қақтығыстарды шешуге жәрдемдеседі; – мәдени-сауықтыру іс-шараларын, конференциялар, семинарлар, жиналыстар ұйымдастыруға ықпал етеді; – білім беру ұйымының қызметімен, оқушыларға ұсынылған жағдайлармен танысып, мұғалімнің қатысуымен оқушылармен әңгіме жүргізеді.

Қамқоршылық кеңестің жұмысы жоспарлы және жоспардан тыс отырыстар негізінде жүргізіледі. Қамқоршылық кеңестің тікелей қатысуымен мынадай мәселелер шешілді: – мектеп формасы туралы ережені әзірлеу және бекіту; – ішкі тәртіп ережелері, қоңырау және сабақ кестесін бекіту; – көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың мәселелерін шешу; – оқушыларға қолайлы білім беру жағдайын жасау.

Қосымша білім беру жүйесі:

Әрбір оқушыға жетістікке жету мүмкіндігін жасау мақсатында мектепте негізгі жалпы біліммен қатар қосымша білім беру жүйесінің интеграциясы белсенді жүргізілуде. Бұл жұмыс мектептегі Қосымша білім беру орталығы арқылы жүзеге асады.

16 кесте

	Жалпы саны	Мектепшілік үйірмелер	Мектептен тыс үйірмелер
2023-2024	897	772	125
2024-2025	980	851	129
2025-2026	984	855	129

Оқушылардың әртүрлі оқу мүмкіндіктері мен әлеуметтік мәртебесіне сәйкес даму мен тәрбиелеу, әлеуметтік табыс психологиясын қалыптастыру, табысты оқуға бағытталған тиімді түзету-профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру – үнемі бақылауда.

Балалардың қосымша білімі жалпы білім берудің вариативтік құрамдас бөлігін күшейтеді, мектепте алынған білім мен дағдыларды тәжірибеде қолдануға ықпал етеді, оқушылардың танымдық уәждемесін арттырады. Ең бастысы, қосымша білім беру жағдайында балалар өздерінің шығармашылық әлеуетін, қазіргі қоғамға бейімделу дағдыларын дамытып, бос уақытын тиімді ұйымдастыру мүмкіндігіне ие болады.

Мектебіміздегі қосымша білім беру негізіне оқушылардың музыкалық, шығармашылық, зияткерлік және хореографиялық білім алуына мүмкіндік беретін жүйе алынған, бұл жүйе мектепте де, мектептен тыс мекемелерде де жүзеге асырылады. Қаладағы қосымша білім беру мекемелерімен тығыз байланыс орнатылып, оқушы тұлғасының шығармашылық дамуының сапалық деңгейін арттыру, олардың мәдениетін дамыту бағытында нақты ынтымақтастық жолдары белгіленген.

Қосымша білім берудің ерекшелігі – ол бос уақытты тиімді ұйымдастырудың (демалыс, мереке, шығармашылық) түрлерін жалпы білім беру қызметінің әртүрлі формаларымен үйлестіріп, балалардың бос уақытын мазмұнды өткізуге жағдай жасап, девиантты мінез-құлықтың алдын алуға ықпал етеді.

Республикалық турнир «1000 самураев» Ибраев Диас 3 орын, Республикалық турнир «1000 самураев» Ибраев Диас 1 орын, «Қостанай облысының чемпионаты»

Мектепте «Ұшқыр ой алаңы» атты жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында оқушылардың пікірсайыс қозғалысы жүзеге асырылуда. Үш жылдан бері Сулейменова Нургуль Аскарровна жетекшілік ететін «Хан тәңірі» пікірсайыс үйірмесі жұмыс істеп келеді. Жобаның мақсаты – оқушылардың саяси оқиғаларды түсінуіне ықпал ету, олардың құндылық бағдарларын қалыптастыру, саяси белсенді, өз ұстанымын қорғай алатын, демократиялық өзін-өзі басқаруға қатысуға қабілетті, ел мен адамзат өркениетінің тағдырына жауапкершілікпен қарайтын Қазақстан азаматын, туған мәдениетінің патриотын тәрбиелеу. Міндеттері: пікірсайыс технологиясы арқылы оқушыларды сауатты әрі сенімді

сөйлеуге үйрету; төзімділік пен патриотизмге тәрбиелеу; белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру; білімді өз бетімен іздеуге, ой-өрісті кеңейтуге баулу. «Шабыт» үйірмесі – оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға арналған үйірме. Үйірмені Балесов Еркебұлан Асқарұлы басқарады. 3-11 сынып оқушылары қатысады. Мұнда оқушылар өлең, әңгіме жазып, көркем сөз оқу шеберліктерін шыңдайды. Үйірме эстетикалық талғамды қалыптастырып, әдебиетке деген қызығушылықты арттырады. Қалалық Абай оқулары Амиров Ерасыл 2 орын.

«Домбыра» үйірмесін Балесов Еркебұлан Асқарұлы басқарады. Үйірмеге 3-8 сынып оқушылары қатысады. «Ты звезда» халықаралық фестиваль- конкурсынан Ғалым Нұрәділ 2 орын, «Ты звезда» халықаралық фестиваль – конкурсында Бектемір Жанель 2 орын, Дәуренбеков Бекзат 1 орын иеленді.

Мектепте тұрақты түрде жұмыс істейтін спорттық секциялар бар. Волейбол секциясының жетекшісі – Бектемиров Э.Н. Қостанай облысы командасы 5-7 сынып оқушылары арасында 3 орын.

Сондай-ақ, мектепте футбол секциясы жұмыс істейді, жетекшісі – Есимов Болат Сейдахметович. Футбол жаттығулары вестибулярлық аппаратты нығайтады, қозғалыс үйлесімділігін жақсартады, ептілікті дамытады. Бұл спорт түрі дененің төзімділігін арттырып, иммундық жүйеге жақсы әсер етеді.

«Қазақ күресі» спорт үйірмесін Біржікенов Нұрсұлтан Амандыкович басқарады. Секцияның басты мақсаты – баланың үйлесімді дамуы, қимыл-қозғалыс қабілеттерін жетілдіру, денсаулығын нығайту. Сонымен қатар, тәртіптілікке, табандылыққа, мақсатшылдыққа, шыдамдылық пен бастамашылдыққа тәрбиелеу. Облыстық қазақ күресі Төлеубек Нұрасыл, Төлеубек Асылбек, Сайран Мирас, Муханбетжанов Аян -1 орын, Дияр Марал, Сайран Мәди, Зейнолла Айдос -3 орын шұғылданудың денсаулыққа пайдасы туралы алғашқы түсініктер қалыптастырылады.

Шахмат үйірмесін Хамит Нұрсұлтан Нұрланұлы өткізді. Шахмат баланың есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын, кеңістіктік қиялын дамытады, табандылықты, зейінділікті, мақсатқа ұмтылушылықты тәрбиелейді. Балалар өздігінен ой қорытып, дербес ойлауға дағдыланады.

Асық ату үйірмесі Ундрисов Мадияр Қанатұлы басқарады. Ұлттық спорт түрін дәріптейтін үйірме. Үйірме барысында оқушылар асық ату ережелерін үйреніп, дәлдікке, ептілікке және шапшаңдыққа машықтанады. Бұл үйірме оқушыларды ұлттық дәстүрге баулып, командалық рух пен достықты нығайтады. Қалалық «Асық ату лигасы» Амиров Ерасыл, Балғабек Данияр, Үсенұлы Мейірлан 1 – орын иегерлері болды. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Орталық» өңірлік қолбасшылығының 6697 әскерей бөлімі мен Қостанай қаласының Ғ. Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектебінің арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып «Жас Бүркіт» әскерей патриоттық үйірмесі аптасына 1 рет оқушылармен жұмыс жасайды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қараусыздықтың алдын алу жұмысы негізгі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

Мектептің құқықбұзушылықтың алдын алу бағыттары: – Девиантты мінез-құлықтағы балалар мен жасөспірімдерді анықтап, жеке алдын алу жұмыстарын жүргізу; – Кәмелетке толмағандарды білім беру, үйірмелерге тарту, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру арқылы қамту; – Оқушыларға тәрбие-түзеу ықпалдарын педагогикалық ұжым, ата-аналар қауымдастығы, құқық қорғау органдары, денсаулық сақтау мекемелері, мәдениет ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастыру; – Құқықтық білім беру: мектептің құқықтық жалпы оқыту аясында ата-аналар мен оқушыларға арналған ақпараттық жұмыстар, «Даналық мектеп» клуб жұмысы; – Өз-өзіне қол жұмсау мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары; – Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша мәселелерді мектептегі профилактика кеңесі аясында бақылау.

Мақсаты: кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен құқықбұзушылықтарының алдын алу, оқушылар арасында тәртіпті нығайту, олардың заңды құқықтары мен мүдделерін

қорғауды ұйымдастыру. Бұл жұмыс нормативтік-құқықтық актілерге негізделеді. Оқушыларды әлеуметтік қорғау, оларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету, қоғамда бейімделу және оңалту жұмыстарын ұйымдастыру – негізгі басымдықтардың бірі.

Міндеттері: кәмелетке толмағандар арасындағы қараусыздық, құқықбұзушылық пен антиқоғамдық әрекеттердің алдын алу; олардың пайда болуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтап, жою; кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау; әлеуметтік қауіпті жағдайдағы жасөспірімдерді анықтап, әлеуметтік-педагогикалық оңалту жұмыстарын жүргізу; құқықбұзушылық пен антиқоғамдық әрекеттерге тарту фактілерінің жолын кесу.

Жұмыс мына қағидаларға негізделген: заңдылық; демократиялық ұстаным; кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау; отбасымен өзара іс-қимыл және қолдау; әр балаға жеке көзқараспен қарау, алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау.

Профилактика кеңесінің құрамы: мектеп әкімшілігі, психолог, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы, ата-аналар комитетінің мүшесі («Құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі мектеп кеңесінің қызметі туралы ережеге» сәйкес).

Кеңесте қаралатын мәселелер: – Мектептің паспортталуы. Жаңа оқу жылы басындағы оқушылар мен отбасылардың диагностикасы (әлеуметтік төлқұжат); – Балалар арасында жол-көлік жарақатының алдын алу: «Мектепке жол» акциясы. Зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу, құқықтық тәрбие; Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Зиянды әдеттердің алдын алу. СӨС дағдыларын қалыптастыру; – 2, 4, 7, 8-сынып оқушыларының эмоциялық жай-күйін зерттеу; – Әлеуметтік осал топтағы балалардың өмір сүру жағдайын зерттеу (аз қамтылған, көпбалалы отбасылар, мүгедек балалар, жетімдер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар); – Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу. «Тәуекел тобы» мен «ерекше бақылаудағы топты» анықтау; – Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігінің алдын алу; – Адам саудасына қатысты құқықбұзушылықтардың алдын алу; – Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу; – Баланың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Интернетке тәуелділіктің алдын алу; – «Қауіпсіз мінез-құлық ережесін бұзу – денсаулыққа қауіп» атты жарақаттанудың алдын алу айлығы; – Буллингтің алдын алу; – Аз қамтылған, әлеуметтік қорғалатын отбасылардан шыққан балаларға (мүгедек, жетім, көпбалалы отбасы балаларына) арналған жазғы демалысты ұйымдастыру.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша мектеп Қостанай қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиямен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді.

2023–2024 оқу жылында – 9 отырыс өтті. 2024-2025 оқу жылында – 10 отырыс өтті.

Құқықтық тәрбие мен білім беру, құқықтық мәдениетті оқушылар мен ата-аналар арасында қалыптастыру мәселелерінде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің белсенді қатысуы үлкен рөл атқарады. Түрлі есепке алынған оқушыларға мониторинг жүргізу мәліметтері кестеде көрсетілген.

Мектепшілік тіркеуде тұрған оқушылар

17 кесте

Оқу-жылы	Тіркеуде тұрған оқушылар саны
2023-2024	0
2024-2025	1
2025-2026	1

Оқу-жылы	Тіркеуде тұрған оқушылар саны
2023-2024	0
2024-2025	0
2025-2026	0

Оқу-жылы	Тіркеуде тұрған оқушылар саны
2023-2024	0
2024-2025	0
2025-2026	0

Мүдделі органдардың мектеппен тығыз жұмыс жасауына байланысты осындай жақсы нәтиже көрсетті. Құқық қорғау органдары мен прокуратура өкілдерімен кездесулер, ата-аналарға құқықтық түсіндіру жұмыстары мен басқа да шаралар арқылы мүмкін болды. Соңғы бірнеше жылда мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтамаған бір оқушы (Кабдула Хадиджа орамал таққан) мектепшілік есепке тіркелген. Құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытындағы оң үрдістерге қарамастан, педагогикалық ұжым оқушылар мен ата-аналардың құқықтық мәдениетін арттыру бойынша жұмысын жалғастыруы қажет.

Сонымен қатар, өгей әке-шешелерімен тұратын балалардың отбасыларына рейдтік тексерулер ұйымдастыру жоспарланған.

Құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, мектеп ұжымы, ата-аналар қауымдастығы «Назар аударыңыз: Балалар!», «Құқықтық тәртіп», «Отбасы және жасөспірім», «Қауіпсіз мектеп», «Қауіпсіз автобус», «Назар аудар, жаяу жүргінші!». Оқу жылы барысында мектеп инспекторы кәмелетке толмағандармен және олардың ата-аналарымен құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша кездесулер мен әңгімелер өткізеді.

Мектеп пен Қостанай қаласы ПБ ЖПҚБ қызметімен бірлескен жоспар бекітілген және іске асырылуда. Сабақтан қашып жүрген, қаңғыбастықпен және қайыр сұраумен айналысатын балаларды анықтау, түнгі уақытта балалардың үйден тыс, көпшілік жиналатын орындарда жүруінің алдын алу мақсатында: – 2023–2024 оқу жылында – 4 рейд (бұзушылықтар анықталған жоқ); – 2024–2025 оқу жылында – 5 рейд (бұзушылықтар анықталған жоқ); Апта сайын сынып сағаттарының 10 минутында қауіпсіздік сабақтары өткізіледі. Қауіпсіздік сабақтарына берілген 10 тақырып қайталанып отырады. Барлығы: – 2023–2024 оқу жылында – 34 сабақ; – 2024–2025 оқу жылында – 34 сабақ; Әкімшілік және қылмыстық заңнаманың нормаларын түсіндіру бойынша тақырыптық кездесулер мен дәрістер ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен, қала ардагерлерімен, педагогикалық еңбек ардагерлерімен, қазіргі таңда облыстық және республикалық «Оқушылар арасындағы қақтығыстардың алдын алу» тақырыбындағы кездесу; мектеп психологы Алимова М. Б. дәрісі; инспектор Чебан О. В. мен «Нашақорлық», «Қорқыту», «Интернет алаяқтық», «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас ережелері», «Жеке мүлікті ұрлаудың алдын алу», «Жол ережелері», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық», «Буллинг», «Қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу» тақырыптарында кездесу; – Қостанай қаласы прокуратурасының аға прокурорларымен 9–10 сынып оқушыларымен кездесу өтті. «Нашақорлық айналымы және алаяқтық фактілерінің жолын кесу» тақырыбында кездесу; – Мектеп психологы Алимова М. Б. ұйымдастырған бейнематериалдар көрсетілімімен «Психобелсенді заттарды қолданудың алдын алу», «Темекі шегуге арналған қоспалар», «Кәмелетке толмағандардың тастанды ғимараттарда

болуына тыйым салу», «Қоғамдық орындарда топпен жиналуға жол бермеу» тақырыптарында дәрістер өткізілді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің оқушылармен профилактикалық кездесулері тұрақты түрде жүргізіледі: – 2023–2024 оқу жылы – 7 кездесу; – 2024–2025 оқу жылы – 9 кездесу;

2023–2024 оқу жылында полиция қызметкерлерімен 6 кездесу, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасарлары, ЮИД жасағы мүшелері, мектеп парламенті және «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерімен 6 іс-шара өткізілді.

Мектеп Жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін бұзу фактілерінің азаюына бірлескен рейдтер, отбасыларды аралау, дәрістер мен әңгімелер өткізу, ата-аналармен және оқушылармен жұмыс, ай сайынғы профилактика кеңесінің отырыстары оң әсерін тигізуде.

Педагог- психолог жұмысының сараптамасы

Мектептегі психологиялық қызметтің басты мақсаты:

Психологиялық қызмет-білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіптік білім беру траекториясын саналы түрде таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

1. оқу процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, олардың пайда болуының негізгі проблемалары мен себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын анықтау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
2. баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның оқу үдерісіндегі психологиялық даму динамикасын мониторингілеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
3. білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру нәтижелеріне мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу;
4. әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық мәселелерін еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерде бейімделу, оқыту және тәрбиелеудегі қиындықтарға бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
5. білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді игеру арқылы өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын дамытуға және қалыптастыруға жәрдемдесу;
6. білім беру процесіне қатысушыларға өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне деген сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, білім беру процесіне қатысушылардың жеке басының құқықтарына нұқсан келтірместен белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеуде және қалыптастыруда жәрдемдесу;
7. білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеу саласындағы ғылыми және тәжірибеге бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу;
8. білім алушылар мен тәрбиеленушілерді олардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, тұлғаға бағытталған тәсіл негізінде әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
9. білім беру ұйымының алқалы органдарымен және мүдделі білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

Жоспарды құру барысында мына тізімдегі нормативтік құжаттар ескерілді:

- ҚР Конституциясы
- ҚР бала құқығы туралы заңы
- ҚР «Білім туралы» заңы
- ҚР білімінің даму концепциясы
- ҚР «Неке және отбасы» заңы
- Психологтың этикалық кодексі
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жыл 16 қыркүйек 130 бұйрық, 472 бабы
- Педагог-психолог өз жұмыстарына ҚР Президентінің Жарлықтарын, білім беру саласын басқаратын барлық деңгейдегі органдардың шешімдерін басшылыққа алады.
- Біздің негізгі мақсатымыз: Қазақстанда өзіміздің Ұлттық психологиялық қызметтің жүйелі, нәтижелі болуына үлесімізді қосу.

Білім беру мекемесіндегі психологиялық жұмыс жүйелі түрде жүзеге асырылып, келесі бағыттар бойынша кәсіби талдау жұмыстары жүргізілді:

- I. Диагностикалау
- II. Түзету- дамыту жұмыстары
- III. Профилактика және психологиялық ағарту
- IV. Кеңес (консультация) беру
- V. Ұйымдастыру әдістемелік жұмыс
- VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдама есептер

Диагностикалау бағыты бойынша келесі жұмыс түрлері жүргізілді :

5-ші сынып оқушыларына орта мектепте оқуға бейімделуіне психологиялық-педагогикалық көмек көрсету мақсатында , оқу мотивациясының тұрақтылығын қалыптастыра отырып ,балаларда жағымды «Мен» концепциясын, өз-өзін сенімді ұстау дағдысын қалыптастыру және үрей, қорқыныш сезімдерін төмендетіп, өздігінен қабылдау, өздігінен ашылу және басқаларды қабылдау негізінде - басқа адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастырып келесі жұмыс түрлері жүргізілді.

Мектепке жаңадан келген оқушылар мен сол топ ішіндегі ахуалды анықтауға арналған диагностика түрлері:

- Проективті тест «Менің сыныбым» 1-сынып
- Д. Лапенова мен Л.П.Пономаренконың «Ағаш» әдістемесі 2-4 сынып
- Өзін-өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған
- Дембо -Рубинштейн сынағы 5-7 сынып
- Кәсіптік бағдарды зерттеу. Голланд сауалнамасы.
- Айзенк тест 5-7 сынып
- Танымдық процестрді зерттеу 4-сынып

ДЖ.Мороно «Социометрия» әдістемесі. Сынып ішіндегі лидерлер мен шектеліп қалған оқушыларды анықтауға көмек береді. Сонымен қатар оқушылардың сынып ішіндегі достықтарын байқауға болады.

Замашикова «Кездесу» әдістемесі. Бұл әдіс темә графаларға бөлінеді. Оқушылардың сынып жетекшімен және пәндермен қарым-қатынастарын байқауға болады. (5-11 сынып)

«Равенның прогрессивті матрицалар шкаласы» тесті. Оқушы бойындағы IQ деңгейін анықтайды.

Н.Холлдың «Эмоционалды интеллект» (EQ) тесті. Оқушылардың бойындағы эмоционалды жай күйдің және жанашырлықтың деңгейін анықтауға көмектеседі.

**Оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлыққа бейімділігін анықтауға
арналған диагностикалар:**

«Зорлық-зомбылықтың және өзіне-өзі қол жұмсаушылық бейімділігін анықтау» 5-11-сынып

М.А Панфилованың «Кактус» әдістемесі 3-сынып

Г.В.Резапкина бойынша мазасыздану деңгейін анықтау 9-11-сынып

«Стреске төзімділігі. Невроз. Күйзеліс.» 11-сынып

М.Фергюсон мен Д.Расселдің жалғыздық сезімінің деңгейін анықтау әдістемесі 9-11 сынып

Жеке:

«Т.И.Балашова Зунг шкаласы» мазасыздық пен депрессия деңгейін анықтау;

«Басса-Дарки» әдістемесі. Оқушылардың агрессия күйін анықтау;

«Жаңбыр астындағы адам» проективті әдіс;

«Суицидке бару қауіпін айқындау» графикалық тесті;

«Н.Г.Лусканова» әдістемесі. Оқу мотивациясын анықтау сауалнамасы;

«Өз мәселеніңді дұрыс шеше аласыз ба?» агрессия тесті.

Өткізілген диагностика жұмыстарының нәтижелерінде, аса назарға алатындай нәтижелері болмады, Оқушылар бойында мазасыздық пен сенімсіздік және қобалжу шкалалары болды. Нәтиже бойынша, жоспарға сәйкес ағарту дамыту жұмыстары жүргізілді.

Өткізілген ағарту-дамыту жұмыстары:

Ата - аналар дәрісі «Бірінші және бесінші сынып оқушыларының мектепке бейімделу ерекшеліктері. Ата-аналар көмектеседі қиын кезең - мектепте оқу кезеңінде»

Жеке әңгімелер:

«Мектептегі мінез-құлық ережелері»,

«Мен және менің достарым»,

«Менің хоббиім»

«Менің қызығушылықтарым»,

«Мен кімін?»,

«Мені кім құрметтей алады?»,

«Менің ортам»

Менің болашақ мамандығым»,

«Менің мінезім»,

«Мінезі мен кәсібім» жеке әңгімелер

«Бірінші рет-бірінші сынып» тренинг (1 сынып)

«Бейімделу кездесулері» тренинг(5-сынып)

«Достық» психологиялық тренингі(6-сынып)

«Түлектерді ҰБТ-ға психологиялық тұрғыдан дайындау».(11-сынып)

«Бейімделу кездесулері» тренинг

«Менің міндетім» Психологиялық тренинг (8-сынып)

«Менің өмірімнің құндылығы» тренинг (6-9 сынып)

«Менің өмірімнің құндылығы» тренинг (10-11 сынып)

«Мен қандай адаммын?» (8- сынып) психологиялық сабақ

«Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» психологиялық сабақ

«Емтиханға дайындық » (9 сынып)

«Депрессия және оны болдырмау жолдары» депрессия деңгейін төмендетуге арналған психокоррекциялық сабақ (9-сынып)

«Түлектерді ҰБТ-ға психологиялық тұрғыдан дайындау» психологиялық тренинг

«Мен барлығы сияқты емеспін, және біз бәріміз әртүрліміз»

(6-сынып)психологиялық практикалық сабақ

«Таным процестерді дамыту» (7-сынып) атты психологиялық тренинг

Жетістікке жол (11сынып)

«Менің қасиеттерім, не істей аламын және не істей алмаймын?!» (6-сынып) психологиялық

сабақ

«Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» психологиялық сабақ
«Стресс жағдайында өзінді-өзін ұстай білу» шағын дәріс
Топтық бақылау жұмыстарын жасау, талдау;
«Менің ішкі әлемім» психологиялық тренинг;
«Мінез және темперамент» психологиялық сабақ;
«Үрей мен қорқынышты қалай жеңуге болады?!» психологиялық тренинг, кеңестер;
«Ашу, ызадан айырылу жолдары» психологиялық тренинг, ұсыныстар;
«Зорлық-зомбылыққа жол жоқ 2!» психологиялық сабақ;
«Егер мен ұстаз болсам?!» психологиялық тренинг;
«Менің сыныбым және достарым» психологиялық тренинг;
«Күйзелістің алдын алу» Сергіту тренинг жаттығулары;
«Менің көңіл күйім» психологиялық тренинг;
«Ғажайып әлем» психологиялық тренинг;
«Стрестен арылу жолдары және жаттығу түрлері» психологиялық тренинг;
«Зорлық-зомбылыққа жол жоқ 3!» психологиялық сабақ;
«Менің сүйікті мектебім» психологиялық тренинг;
«Ашу-ызадан арылу жолдары» психологиялық тренинг,
«Зорлық-зомбылыққа жол жоқ 4!» психологиялық сабақ.

Педагогтармен профилактикалық жүргізілген жұмыстар:

«Оқушы бойынан зорлық-зомбылық белгілерін қалай байқауға болады?!» түсіндірме жұмыс;
«Орта буынға келген оқушылардың бейімделу кезіндегі қиындықтар» ұсыныстар әзірлеу;
«Сынып жетекшілерді орта буынға келген оқушылардың бейімделу кезіндегі қиындықтар» ұсыныстар әзірлеу;
«Күйзеліс кезінде, оқушылар алдында, өзін-өзі дұрыс ұстау» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
«Әр оқушының мінез-құлқына дұрыс подход жасау» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
«Оқушы бойынан үреймен қорқынышты байқаған ұстаздың әрекеті?!» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
«Сабақ үстіндегі оқушы бойындағы ашу, ыза» психологиялық кеңес;
«Оқушы бойынан зорлық-зомбылық белгілерін қалай байқауға болады 2?!» түсіндірме жұмыс;
«Оқушының пәнге қызығушылығы» психологиялық кеңес, пікір талас;
«Менің сыныбым» психологиялық шағын тренинг, кеңес. Сынып жетекшілерге;
«Күйзеліс кезінде, не істеу керек?!» психологиялық кеңес, ұсыныстар;
«Кез-келген жағдайда өзін-өзі ұстау» психологиялық кеңес;
«Аутодеструктивті оқушымен қарым-қатынас» психологиялық сабақ, кеңес, ұсыныс;
«Стрестен арылу жолдары және жаттығу түрлері» психологиялық тренинг;
«Оқушы бойынан зорлық-зомбылық белгілерін қалай байқауға болады 3?!» түсіндірме жұмыс;
«Оқушының пәнге қызығушылықтары» психологиялық кеңес, ой толғау
«Эмоция түрлері» психологиялық кеңес, ұсыныстар;
«Оқушы бойынан зорлық-зомбылық белгілерін қалай байқауға болады 4?!» түсіндірме жұмыс.

№	С ы н ы п т а р	Агрессия			Үрей			Өзін-өзі бағалау		
		Ж о ғ а р ы	о р та ша	Т ө м е н	Жоғары	Орташа	Т ө м е н	Жоғары	о р та ша	Т ө м е н
1.	5 А »	4 %	9%	8 7 %	2%	5%	9 3 %	73%	2 3 %	4 %
2.	5 « Ә »	2 %	7%	9 1 %	0%	3%	9 7 %	81%	1 7 %	2 %
3.	5 « Б »	7 %	9%	8 4 %	3%	4%	9 3 %	76%	2 1 %	3 %
4.	6 « А »	4 %	9%	8 7 %	2%	5%	9 3 %	73%	2 3 %	4 %
5.	6 « Ә »	1 %	0%	9 9 %	0%	3%	9 7 %	81%	1 7 %	2 %
6.	6 « Б »	7 %	6%	8 7 %	4%	2%	9 4 %	83%	1 4 %	3 %
7.	7 « А »	2 %	7%	9 1 %	0%	3%	9 7 %	81%	1 7 %	2 %
8.	7 « Ә »	1 %	0%	9 9 %	0%	3%	9 7 %	73%	2 3 %	4 %
9.	7 « Б »	9 %	7%	8 4 %	5%	3%	9 2 %	78%	1 9 %	3 %
10.	8 « А »	4 %	9%	8 7 %	2%	5%	9 3 %	73%	2 3 %	4 %
11.	8 «	1 %	0%	9 9 %	0%	3%	9 7 %	81%	1 7 %	2 %

	Ә »									
12.	9 « А »	2 %	7%	9 1 %	0%	3%	9 7 %	81%	1 7 %	2 %
13.	9 « Ә »	4 %	9%	8 7 %	2%	5%	9 3 %	73%	2 3 %	4 %
14.	1 0 « А »	2 %	5%	9 3 %	1%	6%	9 3 %	89%	1 1 %	0 %
15.	1 0 « Ә »	3 %	2%	9 5 %	1%	4%	9 5 %	85%	1 5 %	0 %
16.	1 1 « А »	1 %	2%	9 7 %	2%	1%	9 7 %	91%	9 %	0 %
17.	1 1 « Ә »	0 %	2%	9 8 %	2%	1%	9 7 %	92%	8 %	0 %

Ата-аналармен профилактикалық жүргізілген жұмыстар:

«Балаларымызды қауіп-қатерден сақтайық!» түсіндірмен жұмыстар;
«Жаңа мектепке келген балама, психологиялық қолдау» психологиялық кеңестер, ұсынымдар;
Оқушылардың жаңа мектепке бейімделудегі қиыншылықтар және оларға ата-ананың көмегі;
«Жасөспірім балалармен, дұрыс қарым-қатынас жасау әдебі» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
«Менің баламның мінез-құлықтары» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
«Жасөспірім бойындағы үрей мен қорқыныш» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
«Жасөспірім бойындағы ашу, ыза кезіндегі, ата-ана мен бала арасындағы дұрыс қарым-қатынас құра білу» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
«Балаларымызды қауіп-қатерден сақтайық 2!» түсіндірмен жұмыстар;
«Менің баламның сүйікті пәні және ұстазы?!» психологиялық кеңес, сырласу, кеңес беру;
«Менің баламның сыныбы және достары» психологиялық кездесу, сырласу;
«Жасөспірімдердің күйзеліс көріністері» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
«Жас өткіншек шақтағы түрлі мінез-құлықтар» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
«Суицидке бейімділіктің алдын алу!» психологиялық кеңес, ұсынымдар;
«Стрестен арылу жолдары және жаттығу түрлері» психологиялық тренинг;
«Балаларымызды қауіп-қатерден сақтайық 3!» түсіндірмен жұмыстар;
«Баламның оқуға ынтасы» психологиялық кеңес, ұсынымдар;

«Эмоция түрлері» психологиялық кеңес, ұсыныстар;
«Балаларымызды қауіп-қатерден сақтайық 4!» түсіндірмен жұмыстар.

Ерте жастағы жүктілік пен заңсыз жыныстық қол сұғушылықтың алдын алуға байланысты өткізілген жұмыстар:

- «Зорлық-зомбылықтың және өзіне-өзі қол жұмсаушылық бейімділігін анықтау» Жасырын сауалнама;
- «Қызбала өткені мен бүгіні және болашағы» Ата-аналар жиналысы;
- «Зорлық-зомбылық пен жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу» Буклеттер, бюрошалар, визиткалар тарату (ата-аналарға және оқушыларға);
- «Балалар. Жеке шекара. Қауіпсіздік. Балаларға жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу» Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы;
- «Ерте жүктіліктің салдары» 8-11 сыныптарға бейне таспа;
- Психологиялық сағат «Қалай сексуалдық пайдалану яғни жыныстық зорлықтың құрбаны болмау керек?» 8-11 сынып оқушыларына психологиялық дәріс, сабақ;
- Қыз балалардың жеке бас гигиенасы. 5-11 сынып қыз балаларға түсіндірме жұмыстар;
- «ВИЧ/СПИД- тің алдын алу бойынша түсіндірме» Жадынама тарату;
- «Зорлық-зомбылықтың және өзіне-өзі қол жұмсаушылық бейімділігін анықтау» Жасырын сауалнама;
- Қазақтың ұлттық психологиясындағы қыз баланың тәрбиесі. 7-11 сынып қыз балаларына Психологиялық дәріс;
- Қыз бен ұлдың арасындағы достық. 7-11 сынып оқушыларына психологиялық дәріс, әңгіме;
- Отбасындағы зорлықтың алдын алу. Бейне таспа көрсету;
- «Зорлық-зомбылықтың және өзіне-өзі қол жұмсаушылық бейімділігін анықтау» Жасырын сауалнама;
- Жауапсыз махаббаттың құрбаны болмаудың алдын алу. Дәріс;
- «Зорлық-зомбылықтың және өзіне-өзі қол жұмсаушылық бейімділігін анықтау» Жасырын сауалнама.

Деструктивті контентті анықтау үшін әлеуметтік желілердің мониторингі бойынша жұмыс жүргізілуде. Кәмелетке толмаған білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оларға заманауи ақпараттық-телекоммуникациялық ортада жауапты және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын үйрету арқылы мектептің барлық сыныптарында сынып жетекшісімен, әлеуметтік педагогпен және психологпен бірлесіп тұрақты негізде тақырыптық іс-шаралар өткізіледі. 5-7 сынып оқушылары үшін бұл іс-шаралар сабақ-тренинг, сабақ-ойын түрінде өтті. 8-9 сынып оқушылары үшін бұл іс-шаралар тренинг-практикум, сабақ-дәріс түрінде өтті. Осы тақырып бойынша іс-шараларды өткізу кезінде мынадай аспектілер қозғалды: баланы интернет желісінде күтіп тұрған тәуекелдер тізбесі; электрондық поштаны сауатты пайдалану жөніндегі ұсынымдар; жедел хабар алмасу орталарында қауіпсіз қарым-қатынас технологиялары. Оқушылар чаттардағы қауіпсіз қарым-қатынас жөніндегі нұсқаулықтармен; Интернетке тәуелділіктің алдын-алу және оны жеңу жөніндегі кеңестермен; Интернет желісіндегі балалардың қауіпсіздігі жөніндегі жалпы ережелермен қамтамасыз етілді. 5-11 сынып оқушылары үшін аталған іс-шара дәріс түрінде өтті. Мұнда интернетте қауіпті нысандар қарастырылды: қалаусыз бағдарламалар; жеке деректерді қорғау; алаяқтық; виртуалды «достар»; қарақшылық; online-ойындар; этика; ақпаратқа сыни көзқарас.

«Ерекше назар аударатын топ» оқушыларын анықтау үшін тоқсан сайын анонимді сауалнама жүргізіледі: «Кәмелетке толмағандарға тұрмыстық және физикалық зорлық-зомбылықты анықтау» және «Жасөспірімнің жеке басының өз-өзіне қол жұмсау бағытын анықтау». «Ерекше назар аударатын топтары» оқушыларымен осындай түзету іс-шаралары мен психологиялық әңгімелер, дөңгелек үстелдер, өмірдің құндылығы туралы тренинг элементтерімен сабақтар өткізіледі: «Мен және мені қоршаған орта», «Мен және менің іс-әрекеттерім», «Мен ерекшемін » және т.б. «Қостанай облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМК нашакорлықтың алдын-алу бойынша мамандарды тарта отырып, кездесулер: «Алкогольдің, темекі шегудің, электрондық темекінің, темекі шегу қоспаларының зиянды әсері», сондай-ақ «ЖИТС-тың алдын-алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қостанай облыстық орталығы» КМК оқушыларға «АИТВ-инфекциясы ЖИТС. Беру жолдары. Алдын-алу қағидаттары», өткізу 1 желтоқсанға (Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні), жыныстық тәрбие бойынша әңгімелер: «Шынын айтқанда...»; кәсіби өзін-өзі анықтау бойынша әңгімелер: «Болашаққа бір қадам», «Мамандық таңдау түрткілері»; СӨС алдын-алу бойынша пікірталастар: «Көңіл күй жайдары-Денсаулық», «Денсаулық – байлықтан қымбат», «Арақ ішіп, темекі шеккен, Денсаулықтың түбіне жетеді» және басқалар.

Ағарту қызметі уақытылы және сұраныс бойынша жүргізіледі: оқушылар мен ата-аналарға, педагогтарға ұсынымдар.

Оқушыларға арналған ұсыныстар: психикалық денсаулықты сақтау, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы; «Өзін-өзі бағалауды қалай арттыруға және өзін-өзі сүйеге болады?», «Құрдастарымен қалай оң қарым-қатынас орнатуға болады?», «Сыныптастарымен қарым-қатынас», «Өмірдегі қиындықтарды жеңуді үйрену», «Өмірге деген көзқарас? Позитивті!».

Ата-аналарға арналған ұсыныстар мен жадынамалар: «Балалардың күйзелісі және оның себептері», «Зорлық-зомбылықсыз тәрбиелеу», «Интернет желісіндегі қауіпсіздік ережелері», «Чаттардағы қауіпсіз қарым-қатынас жөніндегі нұсқаулық», «Бақытты балаларды тәрбиелеу ережелері», «Баланы стресстік төзімділікке қалай үйрету керек?», «Баланы қалай бұзбауға болады», «Баланы тәрбиелеу процесінде көтермелеу және жазалау». Бесінші сынып оқушыларының ата-аналарына арналған психологтың кеңестері: «Бейімделуден қалай сәтті өту керек», «Бала оқығысы келмейді. Оған қалай көмектесуге болады?».

Мұғалімдерге арналған ұсыныстар мен жадынамалар: «Оқушы мен мұғалімнің өзара сыйластық қарым-қатынасы – табысты оқудың кепілі. Мұғалімдерге ескерту», «Кәсіби және эмоционалды күйіп қалу», «Стресске төзімділік». Оқушыларға, ата-аналарға арналған визиткалар «Қиын болса – жай қоңырау шалыңыз», 111 төтенше жағдай қызметі, балалар мен жастарға арналған сенім телефоны.

Жеке консультациялар, **ата-аналар жүгінген сұраулар** бойынша тақырыптар: «Ересектер мен балалар: қарым-қатынас динамикасы», «Отбасылық қақтығыстар. Оларды қалай болдырмауға болады?», «Баланың проблемалары. Оларды кім шеше алады және қалай шешуге болады?», «Сіздің балаңыз және оның достары», «Отбасыдағы балаларды сүйу және тәрбиелеу», «Жыныстық тәрбие. Қашан бастау керек?», «Ұру немесе ұрмау. Бұл сұрақ?», «Мамандық таңдау. Бұл кімнің ісі?», «Балалардағы аутодеструктивті мінез-құлық пен жағымсыз әдеттердің алдын-алудағы отбасылық қарым-қатынастың рөлі», «Буллинг – онымен қалай болу керек?».

Мектеп оқушыларымен психологиялық тренингтер, әңгімелер, техникалар, жаттығулар, профилактикалық және түзету сабақтары өткізіледі: өміршең ұстанымдарды қалыптастыру мақсатында жасөспірімдерде «Өз проблемаларымен күресуді үйрену», «Тәуелділікке қарсы тұра білу», «Қандай әдемі дүние...» әлеуметтік дағдылар тренингтері өткізілді. Оқушыларды емтиханға дайындау бойынша тренингтер: «Оқуды бітіру емтихандары мен ҰБТ-ға қалай сәтті дайындалу керек», «Табысқа жету жолы», «Өмірлік мақсаттарға жету жолдары» және т.б. Мұндай тренингтердің мақсаты оқушылардың емтихандарға

эмоционалды – оң көзқарасын, шиеленісті жағдайларда өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, мектептегі мазасыздық деңгейін қалыпты жағдайға дейін төмендету. Оқушыларға арналған әңгімелер: «Мамандық таңдауға қандай факторлар әсер етеді. Мамандықтарды таңдау мотивтері», «Мен және менің мамандығым», «Мен және менің ортам». «Мен – бесінші сынып оқушысымын» бейімделу кездесулері; оқушылармен жыныстық тәрбие бойынша әңгіме: «Ұлдар мен қыздардың қарым-қатынасы». Осы бағыттардың мәселелер ата-аналар жиналыстарында, педагогикалық кеңестерде жарияланады.

Ата-аналар жиналысы: «Бірінші және бесінші сынып оқушыларының бейімделу кезеңінің ерекшеліктері», «Жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлқы: проблемалары және олардың шешімдері», «Кәмелетке толмағандардың өз-өзіне қол жұмсау мінез-құлқының алдын-алу», «Кәмелетке толмағандарға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу», «Оқушылардың кәсіби бағдары. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтаудағы ата-аналардың рөлі».

Директор жанындағы кеңестер, педагогикалық кеңестер, ұсынымдар, жадынамалар, баяндамалар, тренингтер, сауалнамалар, тесттер: «Кәсіби жану және оның алдын-алу жолдары» жадынамалар, «Мемлекеттік емтихандарға дайындалудағы мұғалімнің көмегі» кеңестер, «Кәсіби жану белгілерін тексеруге» арналған тесті, «Педагогтардың жүйке-психикалық тұрақтылығын бағалауға» арналған тесті, «Жас мамандардың жұмысқа көзқарастарын анықтау» сауалнамасы, «Дарынды балалармен жұмыс істеуге мұғалімнің бейімділігін анықтау» сауалнамасы, «Жұмыспен қанағаттана білейік» атты психологиялық тренинг, «Әріптестік қарым-қатынас» тақырыбындағы психологиялық тренинг, «Сенімен болашақ» қоғамдық бірлестігімен психологиялық тренинг, «Пән мұғалімдеріне психологиялық әдістерді қолдану арқылы дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту» атты баяндама, «Тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруда зерттеу жүргізу және оңтайлы шешімдер іздеу» тақырыбындағы баяндама, «Мұғалімнің психикалық денсаулығы. Стресске қарсы» атты баяндама.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

- Тәрбие үдерісі үздіксіз білім беру жүйесіндегі «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасының тұжырымдамалық негіздерін іске асырады.
- Білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда шығармашылық және спорттық үйірмелердің көптүрлілігі және оларға қатысу сапасы жақсы.
- Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша жұмыстардың жүйелі жүргізілуі нәтижесінде білім алушылар арасында құқық бұзушылық орын алмаған.

-Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі).

https://drive.google.com/drive/folders/1UtRugYv_KMk7WpsE-IoSvhuKwcPu79Du

Бейіндік білім беру әрбір оқушының өзіндік білім беру траекториясын өз бетінше саналы қалыптастыру негізінде кәсіптік саласын өз бетінше анықтауына жағдай жасауды көздейді. Элективті курстардың және жеке және топтық мазмұны білім алушылар мен ата-аналардың сұраныстары, мектептің кадрлық құрамы мен оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі ескеріле отырып, таңдалды. Кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге даярлап, білім алушылардың кәсіптік бағдарлары үшін жағдай жасалуда, оқушылардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған тереңдетілген сабақтар жұмыс оқу жоспарының гимназиялық компоненті арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы орта білім деңгейіндегі инварианттық бөліктегі курстар оқушылардың қажеттілігін қанағаттандырады.

2023-2024 оқу жылында Вариативтік компонентте берілген 3 сағатты оқушылардың орыс тілінің лексикасы мен грамматикасы туралы білімдерін кеңейтуге, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге жағдай жасауға, ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға

мүмкіндік беретін «Речевой этикет» курсына (11 «А» сынып, 1 сағат), оқушылардың қазақ тілі мен орыс тілінен шығармашылықтарын дамыту мақсатында «Эссе жазу әдістемесі» (11 «А» сынып, 1 сағат) курсы, оқушылардан сауалнама алу нәтижесінде енгізілген «Физикадан күрделі есептерді шығару жолдарына нұсқау» курсы физика пәні бойынша оқушылардың орта білім негізінде алған білім деңгейін шыңдау, физикалық есептердің мағынасын аша отырып, шығара білуге үйретеді (10 «А» сынып, 2 сағат), және де білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру, тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру, білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту, эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу, мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Жаһандық құзыреттілік» (10, 11 «А» сыныптарында, 1 сағаттан) курсы енгізілді. Жүргізілетін курстар авторлық бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы вариативтік компонентте берілген 3 сағатты оқушылардың орыс тілінің лексикасы мен грамматикасы туралы білімдерін кеңейтуге, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге жағдай жасауға, ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін «Речевой этикет» курсына (11 «А» сынып, 1 сағат), оқушылардың қазақ тілі тілінен қорытынды емтиханға дайындығын күшейту, өзіндік көзқарасын қалыпшығармашылықтарын дамыту мақсатында «Эссе жазу әдістемесі» (11 «А» сынып, 1 сағат) курсы, оқушылардан сауалнама алу нәтижесінде енгізілген «Физикадан күрделі есептерді шығару жолдарына нұсқау» курсы физика пәні бойынша оқушылардың орта білім негізінде алған білім деңгейін шыңдау, физикалық есептердің мағынасын аша отырып, шығара білуге үйретеді (10 «А» сынып, 2 сағат), және де білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру, тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру, білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту, эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу, мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Жаһандық құзыреттілік» (10, 11 «А» сыныптарында, 1 сағаттан) курсы енгізілді. Жүргізілетін бағдарламалар авторлық бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

2024-2025 оқу жылында Вариативтік компоненттегі 10-сыныптағы 3 сағат және 11-сыныптағы 3 сағат жаратылыстану-математика бағытын бағдарлап оқыту негізінде оқу үрдісін ұйымдастыру тұлғаның интеллектуалды дамуын, оқушылардың логикалық және абстрактылы ойлауын қалыптастыруға бағыттап, жаратылыстану-математикалық бағыттағы мамандықтарға бағдарлау мақсатында жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру және математикалық білімді оқушыларға терең меңгертуге көмектесіп, оқушылардың дайындыққа белсенділігін арттыру, шығармашылық, танымдық, ізденіс қабілетін дамыту мақсатында «Жаһандық құзыреттілік» курсы, (10 «Ә» «Б», 11 «Ә» сыныптарында 1 сағаттан), химиядағы талдаудың заманауи ғылыми әдістерін меңгеру мақсатында «Металдар химиясы» (ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы 2023 ж. ISBN 978-601-584-189-5). (10 «Ә» сынып, 2 сағат) курсы, 10 «Б» сыныбына аптасына 1-сағаттық «Физикадан күрделі есептерді шығару жолдарына нұсқау» курсына берілді (ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы 2023 ж. ISBN 9786017154509). Қолданбалы курстың ерекшелігі физикалық есептердің шығарылу жолдары графиктік немесе таблицалық әдістерді қолдану арқылы орындалады. Сонымен қатар, бағдарлама оқушылардың сабаққа қызығушылығын, процестерді өз бетінше тануын және оларды өз бетінше практикада қолдануына мүмкіндік туғызады. Оқушылардың танымдық және практикалық есептер шығаруына жағдай жасау мақсатында «Физиканың графиктерде және кестелердегі таңдаулы есептерді шығару әдістері» (ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы 2023ж. ISBN 9786017154516). (11 «Б» сынып, 2 сағат) курсы енгізілді. Жүргізілетін курстар авторлық бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

Оқу жылының ұзақтығы 34 аптаны құрайды. Инварианттық компонент бойынша 10-сыныпта – 31 сағат, 11-сыныпта – 31 сағат.

Бұл бағыттағы 10 «А», 11 «А» сыныптарының Шетел тілі (Ағылшын тілі), информатика пәндері топқа бөліп оқытылады. Вариативтік компонентте берілген 3 сағатты оқушылардың бойындағы жеке көзқарастың көрінісін ескеру, фактілі дәлелдер келтіруі (аргументтер), теоретикалық негіздеме жасау, терминдерді қолдану, цитаталарды келтіру, әртүрлі көзқарастарды мысалға алу, логикалық заңдылықтың сақталынуы, салыстыру және қорытындылау әдістері, қолдану, сауаттылық (пунктуация., орфография.) арттыру мақсатында «Эссе жазу әдістері» (ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы 2019ж. ISBN 9786013215027) 10 «А» сынып, 2 сағат курсы, 11 «А» сыныбына халық аңыздарында, ауыз әдебиетінде кең орын алатын, жиі кездесетін кестелі сөз шешендерінің көп алдына шығып, дәстүрлі айтыс, дау шешу әрекеттеріндегі элементтер мен олардың тигізер ықпалы, оның санаға әсер етер қасиетіне сүйеніп, қазақтың өзіндік ораторлық негізін қалағанын зерделеу және өзіміз шама-шарқымыз жетіп, өз басымыздан кешкен, оқушылар жүректен өткізген, ораторлық тұрғыдан зерделеген тәжірибені, өз халқымыз бен өзге ұлттардың ғалым-теоретиктерінің пайым-тұжырымдарын басшылыққа ала отырып болжау жасау мақсатында 11 «А» сыныбына 1 сағаттық «Ораторлық өнер» (ҚР Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік 23.11.2022ж. №30559) курсы алынды. (10 «А» сынып, 2 сағат). Өмірі мен шығармашылығы өлкемізбен байланысты біртуар тұлғалардың өмірі мен тағдырынан үлгі алу, оқушылардың бойында патриоттық сезімді ұлғайту мақсатында 11 «А» сыныбына «Қостанай өлкесінің даналары мен дара тұлғалары» (ҚР Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік 26.05.2024ж. №45895) тақырыбында 1 сағаттық курс енгізілді. Және де білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру, тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру, білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту, эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу, мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Жаһандық құзыреттілік» (10, 11 «А» сыныптарында, 1 сағаттан) курсы енгізілді. Жүргізілетін курстар авторлық бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

Педагогтер ұжымы білім алушылардан бейініне сәйкес келетін және қорытынды аттестаттауға дайындыққа, нақты мамандыққа деген көзқарасты қалыптастыруға тырысады. Осы бейінді игере отырып, білім алушылар оқуын жалғастырып, өздеріне қажет мамандықтарды таңдай алады және қорытынды аттестаттауға дайын болады. Мамандық таңдаудың алғашқы қадамы – мектеп қабырғасында білім алатын жас буынға кәсіптік бағдар беруден басталары сөзсіз. Кәсіптік бағдар беру – қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, білім алушыларға үздіксіз білім берудің нұсқаларын жобалау кезінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге, сондай-ақ жасөспірімнің жалпы әлеуметтік, кәсіби және мәдени өзін-өзі анықтауға дайындығын арттыруға, кәсіпке қызығушылығын қалыптастыруға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесуде мақсатты атқарылатын жұмыс. Мақсаты: Мектеп білім алушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Білім алушыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету. Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері төмендегідей:

- білім алушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру;
- кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында білім алушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу;
- мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу;
- білім алушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Жыл басында кәсіптік бағдар беру жұмысының жылдық жоспары бекітіліп, соның негізінде мектебімізде кәсіптік бағдар бойынша жұмыстар жүргізіледі. Осы орайда, мектеп, білім алушы, ата-ана, педагогтар, мектеп кітапханашысы, сынып жетекшісі, педагог-психологы өзара біріккен жұмыс жасайды.

Бұл жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары қызметінің типтік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу жылдары бойынша бейіндік оқытудың іске асырылуы:

2023–2024 оқу жылы

Осы жылы мектептің 10–11-сыныптарында жаратылыстану-математикалық (математика-физика) және қоғамдық-гуманитарлық (қазақ тілі – Қазақстан тарихы) бағыттар бойынша профильдік оқыту жүзеге асырылды.

2024–2025 оқу жылы

Аталған оқу жылында 10–11-сынып оқушылары үшін жаратылыстану-математика (математика-физика) және қоғамдық-гуманитарлық (қазақ тілі – Қазақстан тарихы) бағыттағы профильдік сыныптар ұйымдастырылды.

2025–2026 оқу жылы

Бұл кезеңде мектептің жоғары буын сыныптарында (10–11-сыныптар) жаратылыстану-математикалық (математика-физика) пен қоғамдық-гуманитарлық (қазақ тілі – Қазақстан тарихы) бағыттағы профильдік оқыту жүргізіледі. Типтік оқу жоспарларына сәйкес (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 өзгерістерімен), пәндер тереңдетілген және стандартты деңгейлерге бөлінбейді.

2025 жылғы 27 тамыздағы №1 Педагогикалық кеңес отырысында вариативтік компонент аясында ұсынылған курстардың бағдарламалары қаралып, бекіту туралы шешім қабылданды. Вариативтік компоненттегі 10-сыныптағы 3 сағат және 11-сыныптағы 3 сағат жаратылыстану-математика бағытын бағдарлап оқыту негізінде оқу үрдісін ұйымдастыру тұлғаның интеллектуалды дамуын, оқушылардың логикалық және абстрактылы ойлауын қалыптастыруға бағыттап, жаратылыстану-математикалық бағыттағы мамандықтарға бағдарлау мақсатында жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру және математикалық білімді оқушыларға терең меңгертуге көмектесіп, оқушылардың дайындыққа белсенділігін арттыру, шығармашылық, танымдық, ізденіс қабілетін дамыту мақсатында «**Жаһандық құзыреттілік**» курсы, (10 «Ә» 11 «Ә», «Б» сыныптарында 1 сағаттан), Python бағдарламалау тілдерінің бірінде бағдарламалау негіздерін меңгеру арқылы шығармашылық өзін-өзі көрсетуге қабілетті оқушының жеке басын дамыту мақсатында 10 «Б» сыныбына «**Python бағдарламалау тілі**» курсы берілді (облыстық оқу әдістемелік кеңес 10.05.2024ж. №3 хаттама). 10 «Б» сыныбына аптасына 1-сағаттық «**Физикадан күрделі есептерді шығару жолдарына нұсқау**» курсына берілді (ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы 2023 ж. ISBN 9786017154509). Қолданбалы курстың ерекшелігі физикалық есептердің шығарылу жолдары графиктік немесе таблицалық әдістерді қолдану арқылы орындалады. Сонымен қатар, бағдарлама оқушылардың сабаққа қызығушылығын, процестерді өз бетінше тануын және оларды өз бетінше практикада қолдануына мүмкіндік туғызады. Оқушылардың танымдық және практикалық есептер шығаруына жағдай жасау мақсатында «**Физиканың графиктерде және кестелердегі таңдаулы есептерді шығару әдістері**» (ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы 2023ж. ISBN 9786017154516). (11 «Б» сынып, 2 сағат) курсы енгізілді. Биология сабағында ғаламдық, аймақтық экологиялық мәселелердің пайда болу себептері мен оларды шешу жолдарын зерттеуде өз беттілігін және компоненттілігін дамыту, білім алушыларды қосымша материалдармен және өздігімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту мақсатында 11 «Ә» сыныбында «**Биология сабағында экологиялық мәселелерді шешу жолдары**» (облыстық оқу әдістемелік кеңес 08.01.2025ж. №1 хаттама) элективті курсына берілді. (2 сағат). Жүргізілетін бағдарламалар авторлық бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

